

Техникалық қадағалау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану ережесі мен Кемелерге орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 334 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4497 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 707 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 01.12.2011. № 707 бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының 4 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану туралы ережесі;
- 2) Кемелерге орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.Б. Тұрлыханов) заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Ә.Қ.Құсайыновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрінің
2006 жылғы 12 желтоқсандағы
N 334 бұйрығымен бекітілген

Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану туралы ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы техникалық Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Ереже техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану тәртібін белгілейді.

3. Ережеде келесі жалпы терминдер мен түсініктемелер қолданылады:

1) жасаудағы кеме - киль діңгегін салу сәтінен бастап (немесе кеме корпусының жиналған салмағы корпусстың барлық материалдарының есептік салмағының кемінде бір пайызын құрау ретінде анықталады) Жүзуге жарамдылық туралы куәлік пен Кеме қатынасы тіркелімінің басқа құжаттарын алған уақытқа дейін жаңадан жасалатын кеме;

2) жолаушы кемесі - жолаушыларды тасымалдауға арналған кеме;

3) жүк кемесі - жүктерді;

4) итергіш-кеме - тіркеу қондырғылары бар және басқа кемелер мен жүзу құралдарын итеру әдісімен жүргізуге арналған кеме;

5) кеме элементі - кемең құрылымдық және функционалдық бөліктері: корпус, қондырмалар, кеме қондырғылары, жабдықтар, жарақтау заттары, өрттен қорғану құралдары, механизмдер, жүйелер, қазандықтар, жылу алмасу аппараттар, қысымдағы ыдыстар, электр жабдықтар, радиожабдықтар, мұздату қондырғылар, автоматтандыру құралдары, жүк көтеру құралдары, экологиялық қауіпсіздік жабдықтары;

6) кемелерді сыныптау - кемелерді сынып деп аталатын қайсы бір топқа жатқызылуы, Кеме қатынасы тіркелімімен кеме куәландыру нәтижелері бойынша жүзеге асырылады;

7) кемең сыныбы - Ережеге сәйкес кемең жататын тобы және ол белгілі бір техникалық параметрлердің бірігуімен сипатталады. Кемеге сыныбын беру, растау, жаңарту және қалпына келтіру Сыныптау куәлігін Кеме қатынасы тіркелімімен белгіленген мерзімге берумен айғақталады;

8) қондырма - су үсті бортының палубасында борттан екінші бортқа созылған немесе кемең кез келген бортынан кеме енінің төрт пайыз аспайтын қашықтықта орналасқан жабылған құрылыс;

9) құрама кеме - шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, сондай-ақ сусымалы және басқа құрғақ жүктерді тасымалдауға арналған кеме;

10) құю кемесі - сұйық жүктерді құю арқылы тасымалдауға арналған кеме;

11) пайдаланудағы кеме - жасалатын кеме болып табылмайтын кеме;
12) рубка - су үсті бортының палубасында немесе қондырмасының палубасында бір борттан кеме енінің төрт пайыз аспайтын қашықтықта орналасқан жабылған құрылыс;

13) сүйреп тартқыш - сүйреп тарту қондырғылары бар және басқа кемелерді және жүзбе ғимараттарды сүйреп тартуға арналған кеме.

4. Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалануда кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Кеме қатынасы тіркелімі (бұдан әрі - Тіркелім):

1) кемелер мен олардың элементтерін жасауға, қайта жабдықтауға, жетілдіру мен жөндеуге техникалық құжаттамалардың келісілуі;

2) кемелерді жобалау, жасау, жөндеу, техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы нормативтік актілерінің жобаларының келісілуі;

3) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Тіркелімнің нормативтік актілерін жасау және бекіту;

4) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарастыру;

5) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамаларды жетілдіру үшін ұсыныстарды дайындау;

6) жасаудағы кемелерді, жөндеудегі кемелерді, пайдаланудағы кемелерді куәліктендіру;

7) кемелерді жасаудың және жөндеудің куәліктендіруі;

8) кеме сыныбын беру, растау және күшін жою;

9) Тіркелімнің құжаттарын беру және күшін жоюды жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

5. Кемелерді жобалауды, жасауды, жөндеуді және пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:

1) Тіркелімнің қызметкерлеріне Тіркелімімен техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қызметін жүзеге асыруына керек мәліметтер мен құжаттарды ұсынады;

2) Ережеде қарастырылған техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге Тіркелімнің қызметкерлеріне кіру рұқсатын қамтамасыз етеді;

3) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Тіркелімнің қызметкерлерінің ұйғарымдарын орындайды.

6. Тіркелімнің қызметкерлерімен берілген ұйғарымы Тіркелімнің бастығында, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша сотта шағымдалуы мүмкін.

7. Тіркелімнің қызметкерлерінің ұйғарымдарын орындамаған жағдайда
Т і р к е л і м :

1) кемелерді, кемелердің механизмдерін, құралдарын және техникалық жабдықтарын пайдалануға тыйым салынады;

2) беруден бас тартады немесе пайдалануға рұқсат ететін бұрын берілген құжаттардың күшін жояды.

8. Кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалануда Тіркелім кемелерді жобалауға, жөндеуге, пайдалануға, жасаудағы кемелерді, жөндеудегі кемелерді және пайдаланудағы кемелерді Ережеге сәйкестігін растайтын келесі құжаттарды б е р е д і және күшін ж о я д ы :

1) С ы н ы п т а у к у ә л і г і ;

2) Жүзуге жарамдылық туралы куәлік;

3) Ж о л а у ш ы л а р к у ә л і г і ;

4) Мұнайдан, ағын су мен қоқыстан ластануды болдырмау туралы куәлік;

5) Ережеге сәйкестігін растайтын куәландыру актілері;

6) Бір жолғы апаруға куәлік;

7) Күрделі жөнделген дизельге сертификат;

8) Бас кеменің негізгі техникалық мәліметтеріне карточка.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

9. Тіркелімнің құжаттары куәландыру оң нәтижесінің негізінде беріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

10. Ереженің 8-тармағының 1), 3) және 4)-тармақшаларында көрсетілген құжаттар жыл сайынғы растау арқылы келесі куәландыруға дейін мерзіміне беріледі.

11. Жеке және заңды тұлғалар жасаудан және қайта жабдықтаудан кейін барлық бас кемелерге Ереженің 8-тармағының 5) және 7)-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды Тіркелімге ұсынады.

12. Тіркелімнің кеме құжаттары кемеде сақталынады, экипажсыз пайдаланылатын кемелерде кеме құжаттары кеме иесінде, тұрақты итергіш кемеге бекітілген жағдайда итергіш-кеме капитанында сақталынады.

13. Тіркелім берілген құжаттарының мынадай жағдайларда күшін жояды:

- 1) кеме элементтері бүлінген жағдайда, оның түзетілмеуі пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін болғанда;
- 2) кеме белгіленген уақытта куәландыруға ұсынбаған жағдайда;
- 3) жеке және заңды тұлғалармен Ережені орындамаған жағдайда;
- 4) кеме құжаттарына сәйкес жүзу шарттары бұзылған жағдайда.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

14. Кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалануда Тіркелім алғашқы куәландырудың нәтижелері бойынша кемеге сынып береді, сыныптау куәландырудың нәтижелері бойынша сыныбын растайды және басқа да техникалық куәландырудың нәтижелері бойынша сыныбын растайды немесе оның күшін жояды.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

15. Сыныбын беру және растау кемең құрылымдық ерекшеліктері мен басқа арнайы сапаларын ескере отырып сынып формуласына қатысты Ереженің талаптарын қанағаттандыратынын білдіреді (міндеті, жүзу ауданы, мұздық күшейтулер, автоматтандыру жүйелері мен қондырғылар және басқалар).

16. Кемеге сыныбын беру және растау Сыныптау куәлігін берумен расталады.

Сынып формуласы алғашқы куәландыру кезінде Сыныптау куәлігінде және Жүзуге жарамдылық туралы куәлігінде жазылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

16-1. Мынадай жағдайларда Сыныптау куәлігінің күші жойылады және кеме сыныбының іс-әрекеті тоқтатылады:

- 1) ұйғарылған мерзімде кеме тұтастай немесе оның жеке элементтері куәландыруға ұсынылмағанда;
- 2) апаттық жағдайдан кейін, көрсетілген жағдайда кеме кезектен тыс куәландыруға ұсынылады;
- 3) Тіркеліммен мақұлдаманбаған құрылымдық өзгерістер енгізгенде;
- 4) кеме элементтерін жөндеуді орындау және кейіннен Тіркеліммен куәландыру жүргізу бойынша техникалық шарттарды келісуі болмағанда;
- 5) кемелерді Тіркелімнің нақты жағдайлар үшін реттелген деңгейінен асатын шөгуімен пайдалану, сондай-ақ кемелерді кемеге тағайындаған сыныбына

немесе Тіркелімнің бекіткен шектеулеріне сәйкес келмейтін жағдайларда п а й д а л а н у ;

б) кемені куәландыру процесі кеме иесінің бастамасы немесе кінәсі бойынша т о қ т а т ы л ғ а н д а ;

7) Тіркелім қойған талаптарды (кеменің жөндеуде тұруынан басқа) орындау үшін кемені 3 жылдан артық пайдаланудан шығару, сондай-ақ тұрақта тұру н е м е с е с а қ т а у ;

8) кеменің суға батуымен немесе оның істен шығуымен байланысты.

Ескерту. 16-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Б ұ й р ы ғ ы м е н .

16-2. Тіркелім осы белгіні сынып рәмізіне енгізуге негіз болатын жағдайларды өзгерткен немесе бұзған кезінде сынып рәмізіндегі тиісті таңбаны ж о я д ы н е м е с е ө з г е р т е д і .

Ескерту. 16-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Б ұ й р ы ғ ы м е н .

16-3. Осы разрядтағы бассейнде тұрақты пайдаланылатын кеме сыныбы осы бассейн разрядынан төмен болмауы тиіс.

Ескерту. 16-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Б ұ й р ы ғ ы м е н .

16-4. Тіркелім кеменің негізгі сыныптау таңбасын немесе түрін және бағытын өзгерту жағдайда кеме иесінің өтінімі бойынша кемелерді қайта жіктейді.

Ескерту. 16-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

17. Ішкі су жолдарында жүзуге арналған кемелердің сынып формуласындағы негізгі белгілері әріптік мағына болып табылады "Л", "Р", "О", "М" олар кеме құрылымын және кемені пайдалануға болатын су бассейні дәрежесін анықтайды.

Негізгі сынып белгілері "Л", "Р", "О", "М" бар кемелер 0,6; 1,2; 2,0 және 3,0 метр (бұдан әрі - м) биіктікте жүзуге арналады.

18. "Өзен-теңіз" жүзу кемелердің сынып формуласындағы негізгі белгілері әріптік мағына болып табылады "М-СП", "М-пр", "О-пр", олар кемені құру ерекшеліктері және теңіз аудандарында оны пайдалану шарттарын анықтайды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
Б ұ й р ы ғ ы м е н .

18-1. Негізгі сыныптық рәмізге қатысты қолданылатын толқындардың нормативтік биіктігінің сипаттамалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес белгіленуі тиіс.

Ескерту. 18-1-тармақ жана редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

19. Кеменің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты негізгі сынып белгілері сынып формуласына енетін мынадай белгілермен толықтырылады:

1) Тіркеліммен немесе басқа Тіркеліммен танылған сыныптау органның куәландырылуымен жасалған кемелер үшін - "КТә таңбамен, ол негізгі таңбаның алдына қойылады, мысалы "КТ-О";

2) сынып формуласына сынып белгісінен кейін үтірден (сынып формуласындағы өлшемділік келтірілмейді), мысалы: "КТ-О1,5", "КТ-О2,0", "КТ-01,8" бірінші белгіге дейінгі дәлдікпен пайдалану кезінде жеткілікті толқын биіктігі тікелей енгізіледі;

3) арнайы мұздық күшейтулері бар кемелерге - жақшаға алынған сөз "мұз", мысалы "КТ-О2,0". Мұзжарғыштар үшін "мұз" деген сөздің орнына "мұзжарғыш" - " (м ұ з ж а р ғ ы ш) ";

4) егер кеме немесе оның кейбір элементтері пайдалану тәжірибесіне тексерілмесе, бірақ Тіркеліммен пайдалануға кеменің жаңа элементтерін зерттеу мақсатымен тәжірибелік ретте жіберілсе, сынып мысалы, "Э-М2,8" формуласына "КТ" белгісінің алдына "Э" белгісі енгізіледі;

5) автоматтандыру құралдарымен жабдықталған кемелер үшін сынып формуласының соңында "А" әріпі жазылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

20. Негізгі сынып белгілері "М-СП", "М-пр", "О-пр" бар кемелер толқынның нормативтік биіктігі 3 пайыздық болғанда 3,5; 2,5; және 2,0 м биіктікте жүзуге арналады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

21. Сынып формуласына негізгі сынып белгісінен кейін үтірден кейін бірінші белгіге дейінгі дәлдікпен пайдалану кезінде жеткілікті толқын биіктігі тікелей енгізіледі (сынып формуласында мөлшерлік келтірілмеген).

2-тарау. Кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалануда техникалық куәландыру

22. Кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалануда Тіркелім куәландырудың келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) кемелерді сыныптау куәландыру - Тіркеліммен кемелерге сыныбын беру, растау және күшін жою нәтижесінде кемелерді куәландыру;

2) кемелерді алғашқы сыныптау куәландыру - кеме элементтерінің, оның тұрпатының және мақсатының өзгеруінен, сонымен қоса Тіркелімнің құжаттары жоқ кемені есепке қабылдау кезінде, оның ішінде, оған қатысты алдында басқа сыныптау қоғамының техникалық бақылауы жүзеге асырылған кеменің жасалуынан, қайта жабдықтауынан, жаңғырту немесе жөндеуден кейін жүргізіледі;

3) кемелерді кезекті куәландыру - сыныптау куәландырудың кезеңділігіне байланысты, кеменің жасауға, кеменің пайдалануға және оның пайдалану тәртібінің кезеңдермен өткізілетін, кемелерді куәландыру;

4) кемені жасау мен жөндеуді куәландырулар - жасау, жөндеу мен қайта жабдықтауға байланысты кемені жасау мен жөндеудің Ережеге сәйкестігін анықтау үшін өткізілетін куәландырулар;

5) кемелерді кезектен тыс куәландыру - келесі жағдайларда жүзеге асырылатын куәландырулар:

кеме элементтерінің зақым келуінен кейін, оны түзетпей пайдалану қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеуі мүмкін болғанда;

зақым келулердің жойылуынан кейін;

кеме иесінің өтініші бойынша (жүзу қауіпсіздігіне күдік тудыратын ақау байқалған жағдайда, кеменің техникалық күйін немесе жүзу ауданын анықтау қажет болғанда Тіркелімнің құжаттарын беру үшін, кей жағдайларда, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес);

тәжірибедегі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен;

кеменің құрылымы мен сыныбына сәйкес келмейтін жүзу жағдайында бір жолғы өтулер және айдауларға рұқсат үшін, жөндеу немесе түсіру орнына және осындай өтулерден кейін қарау үшін бір жолғы өтулерге рұқсат үшін;

кеме мақсатын немесе тасылатын жүк түрін өзгерту кезінде;

Тіркелім қызметкерінің ұйғарымын орындау кезінде;

Тіркелім кемені пайдалануға тыйым салғаннан кейін, Тіркелімнің құжаттары мен техникалық куәландыру алу үшін;

басқа бассейндерден айдаумен немесе темір жолмен келген және Тіркелімнің құжаты бар кемелерді тіркеуге қою үшін;

техникалық жағдайын алдын ала анықтау, сондай-ақ алдағы уақытта кеме элементтерінің кезекті куәландыруына байланысты мәселелерді шешу мақсатымен.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

23. Кемелердің "М-СП", "М-пр" "0-пр" класындағы сыныптау куәландыруы әр бес жыл сайын өткізіледі.

Он бес жылдан асқан кемелердің сыныптау куәландыруы әр жыл сайын өткізіледі.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

24. Куәландыруларды өткізудің күні, уақыты мен объектілері Ереже және ішкі су көлігі саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілер негізінде Тіркелім басшысының бұйрықтарымен анықталады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

25. Куәландыру отыз күнтізбелік күннің ішінде өткізіледі.

Ерекше жағдайларда оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Тіркелімнің басшысы тиісті бұйрығын қабылдау арқылы куәландырудың уақытын жиырма күнтізбелік күнге созады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

26. Жеке және заңды тұлғалардың куәландыру объектілерін немесе құжаттарды ұсынбаған жағдайда, куәландыру жүргізу мерзімі Тіркелімнің қызметкерлеріне объектілерін мен қажетті құжаттар бергенге дейін тоқтатылады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

27. Кеменің пайдалану кезіндегі алғашқы куәландыру көлемі жөндеу көлемінен, жетілдіруден немесе қайта жабдықтаудан, кеме қызметінің уақытынан, кеме элементтерінің техникалық күйінен, техникалық құжаттамалардың болуынан және тағы басқа және жалпы жағдайда кезекті және жіктемелік куәландыру көлемінен кем болмауы тиіс.

28. "М-СП" сыныптағы кемелердің кезекті куәландыру сыныптау куәландыру

күнінен үш айдан кеш емес және аталған куәландыруды өткізу күнінен үш ай ерте мерзімде өткізіледі.

Кезекті куәландыру нәтижелері бойынша кемеңің мақсатына сәйкес және сыныбын растау үшін бағытталған талаптар қойылады.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

29. Кемеңі кезекті куәландыруға ұсыну алдында кеме иесімен қарау, ақауды тексеру, Тіркелім таныған ұйымдардың құжаттарымен және кеме иесінің актісімен расталған кеме элементтері параметрлерінің өлшемдеріне байланысты жұмыстарын орындалуы тиіс.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

30. Сыныптау куәландыру пайдалануға дайын кемеде жүргізіледі.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

31. Сыныптау куәландыру кезінде кеме иесі Тіркелімнің қызметкерлеріне кезекті куәландырудан кейін орындалған жұмыстардың құжаттарын, параметрді өлшеу нәтижелері, кеме элементтеріне сынақ жүргізу жөніндегі актіні, ауыстырылған-бөлшектеріне сертификаттарды ұсынуы тиіс.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

32. Сыныптау куәландыру кезінде жеке және заңды тұлғалардың Тіркелім қызметкерлерінің кезекті куәландыру кезінде қойған талаптарын орындалуы тексеріледі.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3-тарау. Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау және жөндеу

33. Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жасауға дейін, жобалауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға Тіркелімге техникалық құжаттама жобасын келісуге ұсынады.

34. Тіркеліммен келісілген техникалық құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу кезінде, жобалауды жүзеге асырушы жеке және заңды тұлға, аталған өзгерістер мен толықтыруларды есепке алып жұмыс бастамас бұрын, Тіркелімге келісу үшін техникалық құжаттаманың жаңа жобасын немесе техникалық құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің жобасын ұсынады.

35. Мөлшерлерді анықтау үшін техникалық құжаттамадағы есептер, Тіркеліммен келісілген тәсілдер бойынша орындалады.

36. Техникалық құжаттаманың жобасы Тіркелімге қағаз (нөмірленген беттермен, тігілген түрде бір данада) және электронды жеткізгішінде жіберіледі.

37. Тіркеліммен техникалық құжаттаманың жобасын (өзгертулердің немесе оларға толықтырулар жобасын) қарау уақыты техникалық құжаттаманың жобасы (өзгертулердің немесе оларға толықтырулар жобасы) түскен күннен отыз күнтізбелік күн мерзімі болады.

38. Қарау мерзімі өткеннен кейін, кемеңі жобалауды жүзеге асырушы тиісті жеке және заңды тұлғаға кешіктірмей көшірмесін жіберу арқылы, Тіркелім келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) техникалық құжаттаманың жобасын (өзгертулердің немесе толықтырулардың жобасын) келісу туралы;

2) техникалық құжаттаманың жобасын (өзгертулердің немесе толықтырулардың жобасын) келісуден бас тарту туралы.

39. Жобаның мазмұны Ережеге және кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмеген кезде Тіркелім техникалық құжаттаманың жобасын (өзгертулердің немесе толықтырулардың жобасын) келісуден бас тартады. Келісуден бас тартудың себептері Тіркелім шешімінде жазбаша түрде түсіндірілуі тиіс.

40. Техникалық құжаттаманың жобасын (өзгертулердің немесе толықтырулардың жобасын) келісу Тіркелімнің жобада мөртаңбасын қоюмен расталады.

41. Техникалық құжаттаманың жобасына Тіркелім келісімінің қолданылу мерзімі алты жылды болады.

Осы мерзім өткеннен кейін техникалық құжаттама (оның жобасы, өзгертулердің немесе толықтырулардың жобасы) осы тараудың талаптарына сәйкес Тіркеліммен қайта келісуге жатады.

42. Жөндеуге, жаңғыртуға және қайта жабдықтауға арналған техникалық құжаттаманың келісуін Тіркелім мерзім шектеусіз орындайды.

43. Жалпы жобалау құжаттарында келесі ақпараттар болуы тиіс:

- 1) техникалық жоба құжаттарының ведомості;
- 2) тапсырыс берушімен келісілген техникалық тапсырма қосылған жобаға

түсіндірме жазба, егер Тіркеліммен қаралған болса, техникалық ұсыныс немесе жоба эскизі бойынша Тіркелімнің ескертпелері орындалғаны туралы анықтама, автоматтандыру құралдарының сенімділігі жөнінде мәліметтер;

3) м а м а н д а н ы м ;

4) бас кемеңің сынақ қабылдау бағдарламасы мен әдістемесі (техникалық жоба бекітілгеннен кейін ұсынылады);

5) негіздеумен жобада жіберілген болса Ережеден өзге шешімдердің тізімі;

6) жүк кемесі үшін тиеу, түсіру және балластау нұсқаулығы (жұмыс жобалау кезінде массалар күшін анықтағаннан кейін ұсынылады);

7) ауытқымаушылық пен батпаушылық жөніндегі ақпарат (жұмыс жобалау кезінде массалар күшін анықтағаннан кейін ұсынылады);

8) жалпы орналасу сызбалары;

дабыл қол шамдары мен антенналар көрсетілген бүйірлік түрі; су өткізбейтін қалқалар, палубалар, платформалар көрсетілген бойлай кесу; негізгі жабдықтары, механизмдері, қондырғылары бейнеленген палубалар, трюмдер, көпіршелер, платформалар жоспарлары;

9) руль рубкасындағы жабдықтардың жалпы орналасуы;

10) қопарылыс-өрт қауіпті зоналар мен жайлардың орналасу схемасы;

11) кеме корпусының теориялық сызбасы;

12) салмақ күшінің есебі және салмақ ортасының, дифференттің және әрбір күш жағдайы үшін басты ауытқымаушылық жайы;

13) әрбір күш жағдайы үшін қисаю және аударылу моменттерінің және қисаю бұрышының-кестесімен бірге статикалық және динамикалық ауытқымаушылық диаграммасы (ауытқымаушылық диаграммасының иығын есептеу мен басқа осы сияқты есептерді ұсынбауға болады); әрбір күш жағдайы үшін ауытқымаушылықты тексеру; электронды-есептегіш машинада (бұдан әрі - ЭЕМ) есептерді орындау кезінде бағдарламаға енгізілетін алғашқы мәліметтер кестесі;

14) кемелердің батпаушылық есебі;

15) су үсті бортының есептері;

16) кемеңің басқарудың, соның ішінде тұтас итерілетін құрамды басқару е с е п т е р і ;

17) жалпы сыйымдылық есептері;

18) сертификатпен немесе Тіркелімнің басқа құжатымен жабдыкталуға жататын материалдары, жинақтау бұйымдары және жабдықтарының ведомості.

44. Корпус жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) негізгі жиынтық-бөлшектерімен бірге корпусың мидель-шпангоуты және к ө л д е н е ñ қ и м а с ы ;

2) жиынтық-кестесімен бірге кемеңің жалпы иілуіне қатысатын корпус пен қондырманың конструктивтік сызбасы;

3) күрделі айналдырма корпустары бар кемелер үшін сыртқы қаптамасының с о з б а с ы ;

4) құрылымдар мен корпус байланысы өлшемдерін таңдау есептері, ЭЕМ есеп орындау кезінде бағдарламаға енгізілетін мәліметтер кестесі;

5) жалпы және бір жердегі тербеліс есептері;

6) корпус элементінің мықтылығы мен орнықтылығының есептері (бір корпусты болат кемелер мен ұзындығы елу метрден артық катамарандар, корпусы жеңіл қоспалы кемелер, су асты қанатты кемелер, ауа тұғырықты кемелер, корпусы пластмасты кемелер үшін), ЭЕМ есеп орындау кезінде бағдарламаға енгізілетін мәліметтер-кестесі;

7) корпус беріктігінің есептері (корпусы темір бетонды кемелер үшін);

8) кеменің көлденең беріктігі есептері;

9) қондырма беріктігі есептері (үлкен кесікті терезе оймалары бар жолаушы кемелері үшін);

10) люк қақпақтары мен негізгі жүргізу-бөлшектерінің беріктік есептерімен бірге кеменің люк жабуларының жалпы бейнесі;

11) тозу мен бір жердің қалдық деформациясын ескере отырып жалпы беріктік есебі, ЭЕМ есеп орындау кезінде бағдарламаға енгізілетін мәліметтер-кестесі;

12) мұзжарғыштардың мұздық беріктігінің есептері.

45. Жабдықтар мен бөлме жайларды оқшаулау жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) өңдеу, құрылымдық және оңашалау материалдардың орналасу орны мен олардың жану сипаттамасы, жай еденінің әрбір бір шаршы метрге жану материалдарының саны көрсетіле отырып, кемеде қолданылуы туралы мәліметтер;

2) бөлме жайларды оқшаулау мен өңдеу схемасы.

46. Жалпы кемелік қондырғылар жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) дабыл және ажыратқыш құралдарының орналасу схемасы;

2) Ереже бойынша қондырғы элементтерін таңдау немесе есептері;

3) жаңа үлгідегі қондырғылардың жалпы орналасу сызбалары.

47. Механизмдер және қуаттылық қондырғы жүйелері жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) машина-бөлімдерінде, орталық басқару посты, кіру және шығу жолдары көрсетіле отырып, негізгі және қосымша механизмдер мен жабдықтардың орналасуы;

2) дейдвуд қондырғысы, қозғалтқышы, біліктері мен жалғау муфталары бар білік өткізу;

3) білік есебі: қозғалтқыш өткізу (соның ішінде айналу теңселісі) және элементтерін таңдау есебі;

4) салқындату, май, отындық, ауа жіберу, газ жүргізу (бөлімнің жалпы түрінде бейнелеуге рұқсат етіледі), бу өткізу, конденсаттық-азықтық, үрлеу жүйелердің (жұмыс параметрлері, диаметрі, труба қабырғаларының қалыңдығы, труба мен арматура жасалған материалдар көрсетіле отырып) ұстанымды схемалары.

48. Жалпы кемелік жүйелері жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс :

1) желдету, өрт сөндіру, құрғату, балластық, мұнай қоспалы трюм сулары, сұйық жылыту, қосымша және палуба механизмдерінің гидропневможүргізу, сұйылтылған газды тұрмыстық орнату, ауа, қайта құю және өлшеу трубақұбырлары, қысылған ауа жүйелерінің (жұмыс параметрлері, диаметрі, труба қабырғаларының қалыңдығы, труба мен арматура жасалған материалдар көрсетіле отырып) ұстанымды схемалары;

2) кемелік жүйелер есебі: кеме жүйелерінің: желдету, өрт сөндіру, құрғату, балластық, қысылған және босату ауа есебі.

49. Мұздату қондырғысы жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) мұздату қондырғысын жалпы орналастыру сызбасы;

2) мұздату агентінің, салқын сүйрету, желдету, ауа салқындату және сумен салқындату жүйелерінің, басқару, бақылау, дабылдандыру және қорғау жүйесінің ұстанымды схемалары;

3) мұздату қондырғысы бойынша негізгі есептер.

50. Мұнай құю кемелері үшін қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

1) сорғыш бөлімінде жабдықтарды орналастыру сызбасы;

2) жүк, тазалау, газ өткізу жүйелерінің ұстанымды схемалары.

51. Автоматтандыру жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) дистанциялық басқару және автоматтандыру негізгі құралдарының, посттардың, басқару пульттерінің орналасуы;

2) дистанциялық басқару, автоматтандыру және негізгі кемелік техника құралдары мен жүйелерінің апаттық-сақтық дабылдамасының азықтандыру көзі көрсетіле отырып ұстанымдық және құрылымдық схемалары.

52. Электр жабдықтары жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

1) негізгі және апаттық көздерден: қуат, жарықтандыру желілері (топ қалқандарға дейін) ұстанымдық бөлу схемасы;

2) басты және апаттық тарату қалқандарының, басқару және типсіз орындалған тарату қалқандары пульттерінің ұстанымдық схемалары;

3) электрлік жүргізудің ұстанымдық схемалары;

4) негізгі және апаттық жарықтандыру бірінші желісінің ұстанымдық

с х е м а с ы ;

- 5) ажыратқыш және дабыл қол шамдарының ұстанымдық схемалары;
- 6) авраль және өрт дабылдамасының ұстанымдық схемасы;
- 7) бас тоқ, қозу, басқару, бақылау, дабылдандыру тізбегінің, есу электр қондырғысының қорғау және блоктаудың ұстанымдық схемасы;
- 8) өткізбейтін корпусы бар кемелер үшін жерге қосу схемасы;
- 9) найзағай қайтару қондырғысының схемасы (кеменің жалпы бейнесінде көрсетуге рұқсат етілген);
- 10) кеменің барлық тәртіптерін қамтамасыз ету үшін қуат тәртібінің кестесі және электрстанциясының қажетті қуатын есептеу, сондай-ақ генераторлардың саны мен қуатын таңдауды негіздеу;
- 11) кабельдер қимасы ауданын есептеу;
- 12) тоқтың қысқа тұйықталуы және кернеудің өзгерісін есептеу;
- 13) шинаны, коммутациялық және бас таратушы қалқанды қорғау аппаратурасын және қысқа тұйықталу кезінде динамикалық және термиялық қондырғыларға жауапты қондырғы кабельдерін есептеу (генератордың номинальды қуаты немесе жүз киловаттынан артық генераторлар қосарлы жұмыс істеген кезде);
- 14) найзағай жарқылынан қорғауды есептеу.

53. Байланыс және навигация құралдары жөнінде құжаттарында келесі а қ п а р а т б о л у ы т и і с :

- 1) радиобайланыс құралдарының, қатты сөйлеу байланысы мен трансляцияның, электр радио навигацияның, қызметтік телефон байланысының құрылымдық схемасы;
- 2) радиорубкада, аппарат жайында жабдықтарды орналастыру сызбасы;
- 3) антенналарды орналастыру сызбасы (кеменің жалпы бейнесінде көрсетуге рұқсат етілген);
- 4) антенналар параметрлері мен радиобайланыс қашықтығын есептеу.

54. Ішкі жану қозғалтқыштары, редукторлар жөнінде құжаттарында келесі а қ п а р а т б о л у ы т и і с :

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) жалпы бейне мен жауапты бөлшектердің сызбасы;
- 4) отын, май, салқындату, жіберу, электр жабдықтары, дистанциялық басқару, автоматтандыру, апаттық-сақтық дабылдамасының және қорғау жүйелерінің ұстанымдық схемасы;
- 5) тұғырықты сынақтар бағдарламасы;
- 6) қозғалтқыштың жауапты бөлшектерінің беріктігін есептеу, қартердегі желдету қондырғыларының және сақтандырғыш клапандарын есептеу,

подшипниктердегі (түпкілікті, шатунды, берік) ең үлкен және орта үлесті қысым мәліметтерін есептеу, біліктердің есебі, тісті ілмектер мен подшипниктер редукторын, иіру тербелісін есептеу.

55. Бу және су жылыту қазандары жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс: P 0 9 2 1 2 6

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) онға бір масштабтан кем емес және екіге бір масштабтан кем емес жалғау-бөлшектерінің бойлау және көлденең қимасымен бірге жиынтық сызбасы ;
- 4) қазан беріктігінің есебі (көру қысымына гидравликалық сынақтар кезінде беріктік қорын тексеруді қоса);
- 5) сақтандырғыш клапандардың кима ауданын есептеу;
- 6) жинау мен қорытудың технологиялық процесі;
- 7) автоматтандыру, қорғау, апаттық-сақтық дабылдамасының ұстанымдық с х е м а с ы ;
- 8) сынақтар бағдарламасы.

56. Жүк көтеру қондырғылары жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы т и і с :

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) жүк көтеру қондырғыларының, беріктік метел құрылымдарының механизмдердің жалпы бейне сызбалары;
- 4) кинематикалық схемасы;
- 5) электр жабдықтарының ұстанымдық схемасы;
- 6) қауіпсіздік приборлары мен қондырғыларының схемалары (олардың әрекетін с и п а т т а у д ы қоса);
- 7) жүк көтеру қондырғылары элементтерінің қуаты мен кернеулерінің есебі;
- 8) сынақтар бағдарламасы.

57. Тіркейтін жабдығы жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) тұғырлықты сынақтар бағдарламасы;
- 4) құлыпты немесе сүйреп тартқыш станцияларының жинақ сызбалары;
- 5) жауапты бөлшектер сызбалары;
- 6) беріктік есептері.

58. Палуба және қосымша механизмдер жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;

- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) жалпы бейне сызбалары;
- 4) жауапты бөлшектердің жинақ сызбалары;
- 5) автоматтандыру, қорғау, апаттық-сақтық дабылдамасының ұстанымдық с х е м а с ы ;

6) е с е п т е р ;

7) сынақтар бағдарламасы.

59. Тісті және гидравликалық беріліс жөнінде құжаттарында келесі ақпарат б о л у ы т и і с :

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) қимасы бар жалпы бейне сызбалары;
- 4) кинематикалық схема;
- 5) е с е п т е р ;

б) автоматтандыру, қорғау, апаттық-сақтық дабылдамасының ұстанымдық с х е м а с ы ;

7) сынақтар бағдарламасы.

60. Электр жабдықтары жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) қимасы бар жалпы бейне сызбалары;
- 4) ұстанымдық электр схемалары, автоматтандыру, қорғау, апаттық-сақтық дабылдамасының с х е м а с ы ;

5) е с е п т е р ;

б) сынақтар бағдарламасы.

61. Радиожабдықтар жөнінде құжаттарында келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) техникалық тапсырмасымен бірге түсініктеме жазба;
- 2) жабдықтауға техникалық шарттар;
- 3) жалпы бейне сызбалары, есептер;
- 4) құрылымдық схемасы;

5) сынақтар бағдарламасы.

62. Жұмыс құжаттамасының жобасы келесі туралы мәліметтерден тұрады:

- 1) к о р п у с б ө л і г і ;
- 2) руль және руль бұру құралдары;
- 3) з ә к і р л і к құралы;
- 4) қ ұ т қ а р у ж а б д ы ғ ы ;
- 5) арқанды және сүйрету қондырғылары;
- 6) т і р к е у құралы ;
- 7) т і р к е у ж а б д ы ғ ы ;

- 8) канатты құрал;
- 9) иіліс құралы;
- 10) жүк люктерін жабу құралы;
- 11) жүк көтеру қондырғысы;
- 12) құбыр жүргізу мен жүйелер;
- 13) білік жүргізу және қозғалтқыштар;
- 14) механикалық қондырғылар;
- 15) автоматизациялау;
- 16) электр жабдығы;
- 17) байланыс және навигация құралдары;
- 18) жалпы кемелік және корпус-бөлігі, қондырғылар, механизмдер, энергетикалық қондырғы мен кеме жүйелері, электр және радио жабдықтары
б о й ы н ш а к ұ ж а т ;
- 19) кемеңің швартовті және жүру сынақтарының жасау кезеңінің куәландыру журналы және қабылдау-беру сынақтарының бағдарламасы мен әдісі;
- 20) кемеңің жалпы түрі және орналасқан жері;
- 21) өртке қарсы және авариялық жабдықты орналастыру схемасы;
- 22) дабылды- ажыратқыш шамдарды қондыру схемасы;
- 23) Тіркелімнің функцияларына қатысты кеме бөліктерін жабдықтаудың
в е д о м о с т і ;
- 24) доктық сызба;
- 25) кеме жасауда негізгі жұмыстарға арналған типтік технологиялық процестер мен құрылымдар;
- 26) кемеңің салыстырмалы және имитациялы сынаудың бағдарламасы мен
ә д і с і ;
- 27) Тіркелімнің техникалық жобасы бойынша ескертпелер туралы мәліметтер

4-тарау. Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді пайдалану

63. Техникалық жағдайы Ережеге, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге және техникалық құқықтық актілерге сәйкес болатын кеме, Тіркеліммен куәландыруының нәтижесі бойынша пайдалануға беріледі.

Ескерту. 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

64. Пайдаланудағы кемеңің куәландыруды қамтамасыз ету үшін кеме иесі:

- 1) тексерілетін кеме элементтерінің жағдайына жауапты командалық құрамы

т ұ л ғ а л а р ы н ы ң

қ а т ы с у ы н ;

2) кемеңі белгіленген мерзімінде куәландыруларға ұсыну;

3) куәландыру үшін қажетті дайындық жұмыстарын, өлшеу және сынақтар жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

65. Кеме иесі, сондай-ақ кемеңің командалық құрамы куәландырудың барлық түрлерінде байқалған бүкіл ақаулар, кеме элементтерінің бұзылуы, сондай-ақ алдыңғы куәландырудан кейінгі өзгерістер мен жөндеулер жөнінде Тіркелімнің қызметкерлерін хабардар етеді.

Ескерту. 65-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

66. Кемеңі пайдалануға айқын қауіп төндірмейтін, оларды жөндеу дәл қазір мүмкін емес немесе қиынға түсетін ақаулардың, бұзылушылықтардың немесе кемшіліктердің болуы тұсында таяудағы жоспарлы жөндеуге немесе белгіленген мерзімге дейін ұзартылуы мүмкін.

Техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Тіркелімнің қызметкері, қажетті жағдайларда пайдалану шектеулерін белгілейді.

67. Егер кемеңің кез-келген механизмінің техникалық күйі, құралы, Тіркелімнің қызметкері Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге және техникалық құқықтық актілерге сай емес деп таныса, Тіркелімнің қызметкері мұндай механизмді, техникалық құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

68. Егер кемеңі Тіркелімнің қызметкері толықтай Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге және техникалық құқықтық актілерге сәйкес емес деп таныса, Тіркелімнің қызметкері кемеңі пайдалануға тыйым салынады.

69. Сыныбын сақтау мүмкіндігін және ары қарайғы пайдалануды тежейтін ақаулардың болуы тұсында, кеме иесінің уәжді өтініші бойынша жөндеу орнына кемеңің бір жолғы өтуіне (айдап апарылуына) Ережеге сәйкес жүгін түсіруге рұқсат етілуі мүмкін.

70. Тіркелімнің қызметкері зақымдалуға байланысты кемелерге куәландыру, техникалық себептер бойынша болған зақымдардың есебі мен талдауын, сондай-ақ кеме элементтерінің зақымдалуы мен техникалық күйлерінің төмендеуіне байланысты барлық оқиғалардың есебін жүргізеді.

Ескерту. 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

71. Кеменің зақымдалуы жөнiнде кеме иесi Тiркелiмнiң қызметкерiн шұғыл хабарландырады және зақым жөнiндегi кеменiң бастапқы актiн ұсыну арқылы куәландыруға кеменi ұсынылады.

72. Зақымдалу жөнiнде хабарлама ала салысымен және кеменiң зақымдалуы жөнiнде мәлiметтер алудың барлық басқа жағдайларында Тiркелiмнiң қызметкерi шұғыл түрде алынған мәлiметтер бойынша зақымдалудың жағдайлары мен салдарлары турасында Тiркелiмнiң басшысына хабарлайды.

73. Кеме опат болған немесе зақымдалудан кейiн кеменi куәландыру мүмкiн емес жағдайларда Тiркелiмнiң қызметкерi өз тартылған сарапшыны тексеруге қатысуды және тексеру материалдарымен танысуды қамтамасыз етедi.

Ескерту. 73-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Көлiк және коммуникация министрiнiң 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгiзiлу тәртiбiн 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

74. Кеме иесi Тiркелiмнiң қызметкерi келгенге дейiн зақымдалу мезетiнiң жағдайын кемеге және кеме iшiндегi адамдарға қауiп төндiрмейтiндей, сондай-ақ зақымдалу ары қарай ушықпайтын шамада сақтайды.

75. Оқиға болған жерге келiсiмен Тiркелiмнiң қызметкерi зақымдалған кемеге кезектен тыс куәландыру жүргiзедi.

Ескерту. 75-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Көлiк және коммуникация министрiнiң 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгiзiлу тәртiбiн 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

76. Кеменiң куәландыру тұсында Тiркелiмнiң қызметкерi зақымдалудың сипаты мен себептерiн анықтайды, техникалық жағдайына қарай сыныбын сақтау мүмкiндiгiн, сондай-ақ кеменi одан ары пайдалану қауiпсiздiгiн қамтамасыз ететiн жағдайларды (шарттарды) немесе жөндеу немесе жүк түсiру орнына бiр жолғы өту мүмкiндiгiн белгiлейдi.

Ескерту. 76-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Көлiк және коммуникация министрiнiң 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгiзiлу тәртiбiн 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

77. Кеменi сынып дәрежесiнен айырған жағдайда немесе оны пайдалануға тыйым салғанда кеме иесi кеменiң бiр жолғы өтуiн (аралығын) Тiркелiммен келiседi.

78. Мұндай келiсу үшiн кеме иесi Тiркелiмге жазбаша түрде жөндеу немесе жүк түсiру орнына дейiн қауiпсiз өтудi (айдап апаруды) кепiлдейтiн шараларды сипаттасымен дәлелдеген өтiнiштi ұсынады.

79. Зақымдалуға байланысты кезектен тыс куәландырлару актiлерi Тiркелiмнiң қызметкерi арқылы бекiтiлуi және қызметкерiне түскеннен кейiн үш күннен кешiктiрiлмей Тiркелiмге жiберiледi.

Ескерту. 79-тармаққа өзгерту енгiзiлдi - ҚР Көлiк және коммуникация

министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

80. Кемелердің бір жолға өтуі мен аралықтары (бұдан әрі - "аралықтар"), қағида бойынша, кемелің елеулі конструктивті өзгертілуінсіз рұқсат етіледі.

81. Ескерту. 81-тармақ алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

82. Тіркелімнің қызметкерлері кемеге куәландыру жүргізеді және оны айдауға пайдалану үшін келіседі, теңіз арқылы Бір жолғы өтуге куәлік береді.

Ескерту. 82-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

83. Аталмыш кеме үшін белгіленген жүзу ауданынан елеулі айырмашылығы бар жүзу ауданынан өткізуге жататын кемеге өту аралығының жобасын жасау қажет. Мұндай жобаны әзірлеу теңіз арқылы өтуге арналған ішкі жүзу кемелерінің міндеті.

84. Тіркелім сынып берілген жүзуге рұқсат етілетін кемелердің теңіз аудандары арқылы өту аралығының жобасы Тіркеліммен келісуге жатады.

85. Теңіз арқылы айдап өткізуге айдап өтудің белгіленген шарттары тұсында жүзуге жарамды болып танылған және айдап өтуге дейін он екі айдан аспайтын уақытта доктардан (слиптеу) өткен кемелерге рұқсат етіледі.

86. Айдап өткізуге цементті құйындылары және корпустағы басқа да уақытша өңдеулері бар кемелерге рұқсат етілмейді.

87. Кемелің өту аралығының жобасы мыналарды мазмұндауы тиіс:

1) ауданды және өткізу шарттарын көрсеткен, айдап өтудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды сипаттайтын түсініктеме жазба (ұйымдастыру сипатындағы шараларды қосуымен);

2) су үсті бортының жеткілікті дәрежедегі беріктігін, орнықтылығын және б и і к т і г і н н е г і з д е у ;

3) қажет болған жағдайларда сызбалар және корпусты нығайтудың дәлелдері немесе кемелі арнайы балластаудың шарттары, сондай-ақ ауа райы бойынша ұсынылатын шектеулер ұсынылуы тиіс;

4) корпус пен кеме қондырмалары саңылаулары жаппаларының, сондай-ақ кемелің теңізде жүзу жарамдылығын арттыруға арналған құрылым қондырғысының сипаттамасы мен тәсімдері (толқын қайтарғыштар, қондырмалар, рубкалар, қорғаныштары);

5) электр, радио- және навигациялық жабдықтың механикалық қондырғысының сипаттамасы;

6) рульдік, зәкірлік арқандап байлау, жетекке алу (сүйреп тартқыш)

құрылғылардың, өрттен қорғау, дабылдық құтқару құралдарының сипаттамасы;

7) апаттық жабдықтың тізімі, оның орналасу схемасы;

8) айдап өткізілетін кеменің капитаны немесе ұйымдастыру шараларын қосатын сүйреп тартатын кеменің капитаны үшін ауа райы бойынша белгіленген шектеулерді, кемені балластау жөнінде, кеме қорларын жұмсау жөнінде және апаттық жағдайларда кемені аман сақтап қалу жөнінде күрес жүргізу бойынша нұсқаулықтар.

88. Егер айдап өткізу үшін су үсті бортының, кеме орнықтылығы немесе беріктігінің жоғарылатылуы талап етілетін болса, онда кеме иесі кеменің қолайлы балласты немесе жүк тиелімі, корпусты нығайту немесе кеме құрылымы мен жабдығының айдап өткізу үшін артықтарын демонтаждау тиіс.

89. Егер Ереженің, басқа да нормативті құқықтық актілер және техникалық құқықтық актілер талаптарын толық қанағаттандыру үшін елеулі конструктивті өзгерістер қажет болса, теңізде жүзбейтін құрылымдық корпусты кемелер үшін (понтондық типтегі кемелер) Тіркелімнің қызметкері ауа райы жағдайлары бойынша айдап өткізудің қосымша шектеуін қолданады.

Ауа райының жағдайлары бойынша белгіленетін шектеулер беріктік, орнықтылық және су үсті борты есептері арқылы негізделуі тиіс, сондай-ақ бір типтес не соған ұқсас кемелердің осы аудандағы айдап өткізілу тәжірибесі ескерілуі керек. Ауа райы жағдайлары бойынша шектеулерді белгілеу тұсында кеменің өлшемдерімен және олардың ара қатынастарымен негізделетін жалпы теңізде жүзу корпустың теңізде жүзу құрылымдарымен, ватерсызық үстіндегі ұштарының көтерілуімен, қондырмаларының болуымен негізделетін жалпы теңізде жүзу жарамдылығын қамтамасыз етудің дәрежесі де ескерілуі тиіс.

90. Айдап өткізуге арналған кемелерге балласт жасау немесе жеткілікті сыйымдылықтағы балластық цистерналары жоқ кемелерге жүк тиеу тұсында беріктікпен, орнықтылықпен және су үсті бортымен қамтамасыз етудің ең қолайлы варианты ескерілуі тиіс. Балласт жасау және жүк тиеу бір мезгілде слемингтің алдын алу және ескіш винттің қажетті батымы үшін жеткілікті шөгуді қамтамасыз етулері тиіс (айдап өткізу тұсында).

91. Теңіз арқылы өз жүрісімен айдап өткізілуге тынық судағы жылдамдығы сағаты он үш километр кем емес кемелерге рұқсат етіледі. Одан аз жылдамдықтағы кемені жетекке алу арқылы немесе қажет болған жағдайда оны сүйреуге қабылетті кеме еріп жүруі керек.

92. Кеме корпусындағы, қондырмалары мен рубкаларындағы саңылаулар (су өткізбейтін есіктердің, жүк және басқа люктердің, қылталардың, иллюминаторлардың, вентилятордың, ауа және өлшегіш құбырлардың) су өткізбейтін және тығыз жабылатын болулары тиіс. Сонымен бірге кеменің бөліктеріне жылдам кіру және бөліктер мен палубадағы цистерналардың суын

өлшеу мүмкіндіктері, ал бортында экипажы бар айдап өткізілетін кемелер үшін барлық тұрғын және қызмет бөлмелеріне кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

93. Айдап өткізу тұсында пайдаланылмайтын түптік-борттық арматура штаттық жаппалармен жабылуы, ал олар болмаған жағдайда бұқтырылып тасталуы тиіс.

94. Айдап өткізілетін экипажды кеменің леер қоршауының не ашық палуба фальшбортының биіктігі Ереже талаптарын қанағаттандырулары тиіс, басқа нормативтік құқық және нормативтік техникалық актілермен.

Палубаның ашық жерлері арқылы экипаждың өтуі үшін оларға жеткілікті санда дауылдық леерлер орнатылуы тиіс.

95. Экипажсыз айдап өткізетін кемелер, кемеге шлюпкадан кіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

96. Сүйреуге алынатын экипажсыз кемелердің рульдері мықтап бекітілулері тиіс.

97. Кемені зәкірлермен және зәкірлік шынжырлармен жабдықтау ең болмағанда белгіленген жүзу ауданына сәйкес болуы тиіс.

98. Сүйреуге алынатын кеменің сүйреп тартқыш арқанын корпусты зақымдануға жол бермеу үшін шараларды қабылдауын Тіркелімнің қызметкері тексереді.

99. Айдап өткізілетін бортында экипажы бар кемелердің құтқару құралдары айдап өткізу ауданы үшін қойылатын талаптарына сәйкес болуы тиіс. Құтқару шлюпкаларын солардың сыйымдылықтарына тең жиынтық сыйымдылықтағы құтқару салдарымен ауыстыруға рұқсат етіледі. Керуен құрамында айдап өткізілетін, жетекке алынған және арнайы кеменің ілесуімен жүретін кемелердегі құтқару құралдарының саны азайтылуы мүмкін, бірақ ұжымдық пайдаланыстағы құтқару құралдарының сыйымдылығы барлық экипажды орналастыру үшін жеткілікті болуы тиіс.

100. Айдап өткізілетін кемелердің апаттық және навигациялық жабдықтары айдап өткізу ауданы үшін қоятын талаптарға сәйкес болулары тиіс. Осы жабдықтың құрамы керуен құрамында, сүйреуге алынуда немесе арнайы кеменің ілесіп жүруі тұсында азайтылуы мүмкін. Айдап өткізілетін бос кемелерде навигациялық жабдықтарды қондыру қажет етілмейді.

101. Айдап өткізілетін кемелердің дабылдық құралдары айдап өткізу ауданына қойған талаптарға сәйкес болулары тиіс.

102. Айдап өткізілетін бос кемелер дабылдық ажыратқыш шамдар мен және дабылды пішін мен жабдықталуы тиіс. Дабылды ажыратқыш шамдар жанған кезде қараңғы тәулік бойы және пішінді дабыл кезінде қамтамасыз етілуі тиіс.

103. Өртке қарсы жабдықтау кемелерінің талаптары жүзу ауданының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

104. Кеме бөлшектеріндегі суды кеме сорғылары немесе сүйреуші кеменің сорғылары немесе ілесіп жүруші кеменің сорғылары арқылы қотару мүмкіндігі ескерілуі тиіс.

105. Айдап өткізу тұсында бекітілу жеткіліксіз болатын механизмдер, қазандар жабдықтар мен жабдықтаулар қосымша бекітілулері тиіс.

106. Сүйреуші өздігінен жүретін кемелердің ескіш біліктері, егер негізгі двигательдердің жұмысы қамтылмаса, тоқтатылуы тиіс.

107. Кеменің орнықтылығы ауданды және айдап өткізу шартын есепке алу арқылы орнықтылықтың негізгі критерийі бойынша талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

108. Су үсті борты айдап өткізу ауданын ескеру арқылы талаптарын қанағаттандыру тиіс. Немесе ең болмағанда белгіленген жүзу ауданы үшін талап ететін биіктіктен аласа болмауы керек.

109. Тіркелімнің қызметкері айдап өткізу жобасын куәландыруды, сонымен қатар кемелердің нығайтылуы, қосымша жабдықталуы және конвертовкасы бойынша айдап өткізу жобасына сәйкес жұмысын жүзеге асырады.

Ескерту. 109-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

110. Кемені куәландырудың оң нәтижелері тұсында Тіркелімнің қызметкері кезектен тыс куәландыру актісін ресімдейді және қосымша жабдықтау мен конвертовка жүргізілген пункттен немесе белгіленген орынға дейін бір жолғы айдап өтуге кемеге рұқсат береді.

111. Осы актіде қандай жобаның негізінде, қашан және кіммен келісу арқылы кеменің қосымша жабдықталуы жүргізілген көрсетіледі.

112. Теңіз арқылы айдап өткізілуді аяқтағаннан кейін барлық кемелер кезектен тыс куәландыруға жатады.

Ескерту. 112-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

113. Жолаушылардың ұйымдасқан топтарын тасымалдау дегенде (бұдан әрі - жолаушыларды тасымалдау), осы мақсаттар үшін арнайы икемделген адамдардың ұйымдасқан топтарын жолаушы емес кемелерде жұмыс орнына апарып, алып қайту ұғынылады.

114. Жолаушылар тасымалдау жолаушыларды емес кемелерде Тіркелімнің қызметкерімен кемені оң куәландырудан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 114-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

115. Осындай кезектен тыс куәландыру жүргізгенде Тіркелімнің қызметкері кемеңің жолаушыларды тасымалдауға дайындығын тексереді және оң куәландыруда кемеңің құжаттарға тиісті жазбаларын енгізіледі.

Ескерту. 115-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

116. Көрсетілген кемелерінің жолаушыларды тасымалдауға дайындығын анықтау үшін Тіркелімнің қызметкері белгіленген жолаушылар санын тасымалдау мүмкіндігін қамтитын және осындай тасымалдың барлық шарттарын ескертетін кемеңің орнықтылығы мен суға батпаушылығы жөніндегі ақпараттың болуы (адамдардың орналасуы, кемеде орын ауыстыру шектеу, сүйреуге тыйым салу) тексереді.

117. Осындай тасымалдауда әр жолаушы үшін отыруға арналған орын жабдықталуы тиіс.

118. Жолаушыларды тасымалдауда рейстің ұзақтығы кемінде екі сағат қатарынан құралады.

119. Жыл сайын навигация алдында кеме иесі кемеңің адамдарды тасымалдауға жарамдылығын тексеру мақсатымен кемеңің куәліктендіруі және куәліктендіру жөнінде акт жасауы тиіс, ол акт кеме құжаттарына қоса тіркеледі.

120. Осы жүк кемесі үшін ірі габаритті және ауыр салмақты жүктер есебінде кемеге орналасуы тұсында мынадай ұғынылады:

1) палуба төсеміндегі, екінші түптегі немесе люк жаппаларындағы үлес салмақтары жобалық жүктемеден асатын жүктер;

2) жүктің центрі мен парустық центрі жобалықтан жоғары орналасатын жүктер ;

3) жүк өлшемдерінің салмағы немесе габариттік көлемдері жобалықтан асатын жүктер ;

4) штаттық дабылдық-ажыратқыш фонарь бүркелінеді де олардың орналасуын өзгертуге тура келеді;

5) штаттық люктік жаппаларды жабу мүмкін емес болады.

121. Кемеңің және кемеде тасымалданатын ірі габаритті және ауыр салмақты жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кеме корпусын нығайту (қажет болса) жүк тиеу, орналастыру, бекіту, тасу және түсіру бойынша құжаттама әзірленуі және ол қызметкерімен келісілуі тиіс.

122. Осы құжаттама келесі ақпараттан тұрады:

1) габарит көлемдерін, ауырлық орталығы координаттары мен оның әрбір бірлігінің салмағы, бөлшектерін бекітудің тәсілдерін көрсету арқылы кемеде тасымалданатын жүктің орналасу тәсілі (тіреуіш бөренелер, тіреулер, найтовтар және басқалар) ;

2) дабылдық-ажыратқыш шамдар мен найзағай залбтарын құрылғының орналасу тәсілі, егер олар өзгеріске ұшыраған болса;

3) қалқалар мен жартылай қалқалардың бекіту сызбалары, формалар, рамалық балкалар, жүкке күш салуды әкетуші тіреуіш конструкциялар; төсемдерді түзегіштер, шайқалыс және арқанға байлау тұсында жүктің жылжуын болдырмайтын құрылғылар;

4) кемеңің жалпы және жергілікті беріктігінің қосымша есептері мен тиеу, түсіру және тасымалдау жүкті бөлудің тең еместігін есепке алу арқылы үлестік жүктемелердің тіреуіш құрылымдарға салмағы; жергілікті жүк салмақтарын шоғырланған жүктерден анықтау тұсында шайқалыстан болатын инерциялық күш-салмақтар ескерілуі тиіс;

5) шайқалыс және арқандау тұсындағы инерция күштерін есепке алу арқылы бекіту мен күш салулардың беріктік есептері. Егер үйкеліс күші қозғалтқыш күштерден басым болса, онда бекітуді ескермеуге болады. Жүктің тіреуіш қабаты немесе төсемдер бойынша ең жоғары шектегі қысым орнатылуы тиіс;

6) балластаудың мүмкіндігі мен қажеттілігін көрсету арқылы кемеңің беріктігі мен орнықтылығы есебінің негізінде әзірленген жабдықтың тиеу-түсіру бойынша қосымша нұсқаулығы, сондай-ақ қосымша құрылымдардың сызбаларымен тиеу-түсірудің тәсілдері және тәсілдері тізбектігін көрсететін қосымша нұсқаулық;

7) орнықтылық, суға батпаушылық және диффереттіктеу есептері негізінде жасалынған орнықтылық жөніндегі қосымша ақпарат /хабарлама/;

8) жүзу және тасу маршрутының, жел-толқын режимі бойынша шек қоюлардың шарттары;

9) тасу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі капитанға берілетін нұсқаулық

123. Қосымша жабдықталғаннан кейін, ауыр салмақты және ірі габаритті жүктерді тасымалдауға рұқсат алу үшін кеме кезектен тыс куәліктендіруге Тіркелімнің қызметкеріне ұсынылады.

Ескерту. 123-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Техникалық бақылау жүзеге асырылуы тиіс кемелерді жобалау, жасау, жөндеу және пайдалану туралы

ережеге қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.09.22 N 441 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Кеме сыныбының негізгі рәмізіне қатысты қолданылатын толқындардың нормативтік биіктігіне сипаттамалар

Жалпы сыныптау таңбасы	Толқынның биіктігі, м	нормативтік	Қамтамасыз етілген толқын биіктігі, %	Қайталану жиынтығы, %
"Л"	0,6		1	<u>< 4</u>
"Р"	1,2		1	<u>< 4</u>
"О"	2,0		1	<u>< 4</u>
"М"	3,0		3	<u>< 4</u>
"О-ПР"	2,0		3	<u>< 5</u>
"М-ПР"	2,5		3	<u>< 5</u>
"М-СП"	3,5		3	<u>< 5</u>

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрінің
2006 жылғы 12 желтоқсандағы
N 334 бұйрығымен бекітілген

Кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау туралы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Ереже кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау бойынша ұйымдастыру мен қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

3. Ережеде келесі жалпы терминдер мен түсініктемелер қолданылады:

1) басты кеме - жеке дара жасалған кеме немесе жаңа жоба бойынша жасалған сериясының бірінші кемесі;

2) басты үлгі (басты топтама) - Кеме қатынасы тіркелімінің өкілі техникалық куәландыру мен сынаулар арқылы Ереженің талаптарына және нормативті-техникалық актілеріне сәйкестігін және осы материалдардың, бұйымдардың, олардың топтамаларын аталмыш кәсіпорында белгіленген технология бойынша дайындау тұсында қызметіне қарай пайдалану мүмкіндігін тексеретін және растайтын материал немесе бұйым (солардың топтамасы);

3) бұйымдар - кемелерге орнатуға арналған бұйымдар, оларды жасау кезінде Кеме қатынасы тіркелімімен Ереже талаптарына және нормативтік-техникалық

актілеріне сәйкестігіне техникалық куәландыру жүргізіледі; Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық куәландыруға жататын бұйымдар тізімі Ережеге 1 қосымшасында келтірілген;

4) материалдар - кемеңі жасау, жөндеу немесе пайдалану кезінде қолданылатын материалдар, оларды жасау кезінде Ереже талаптарына және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкестігін тексеру жүзеге асырылады; Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық куәландыруға жататын материалдар тізімі Ережеге 2 қосымшасында келтірілген;

5) нормативтік-техникалық актілер - кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау техникалық шарттарын белгілейтін стандарттар мен көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органымен бекітілетін нормативтік актілер;

6) Рұқсат - белгілі бір кемеді орнату үшін және белгілі бір өнеркәсіптік объектіде аталған материалдар мен бұйымдарды пайдалану үшін тұрпатты материалдың, тұрпатты бұйымның немесе материалдар мен бұйымды дайындаудың тұрпатты технологиялық процессінің Ереже мен нормативтік-техникалық актілерге сәйкестігін растайтын құжат;

7) субъект - Ережеге сәйкес Кеме қатынасының тіркелімі техникалық куәландыру жүргізетін, кемелерге орнату үшін материалдар мен бұйымдар жасауда қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

8) Тану туралы куәлік - Ережелермен нормативтік-техникалық актілерге сәйкестігіне Тіркелімнің қарауына жататын материалдар немесе бұйымдардың субъектінің дайындауын растайтын құжат;

9) тәжірибелік үлгі (тәжірибелік топтама) - техникалық құжаттаманы қарау мен сынауларды жүргізгеннен кейін бұйымды мақсатына қарай пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін жаңадан әзірленген техникалық құжаттама бойынша жасалған материал немесе бұйым (олардың топтамасы);

10) техникалық құжаттама - Кеме қатынасы тіркелімінің тиісті талаптарын орындауды тексеру үшін қажетті мәліметтері бар конструкторлық және технологиялық құжаттама;

11) тұрпатты материал немесе бұйым - нақты кемеге, нақты субъектіге немесе өндірістік объектіге жатпайтын қызметіне қарай қолдану үшін арналған материал немесе бұйым;

12) тұрпатты технологиялық процесс - нақты кемеге, нақты субъектіге немесе өндірістік объектіге жатпайтын технологиялық процесс;

13) іріктемелі куәландыру - кемеге орнату үшін материалдың немесе бұйымның техникалық куәландырылуы Ереже талаптарына және нормативті-техникалық актілеріне сәйкестігі жөніндегі шешім келесі нәтижелерге сәйкес қабылданады:

материалдар мен бұйымдарды дайындау бойынша бір немесе бірнеше іріктемелі тексерудің, немесе топтамалардан сынама алудың, немесе жеке көлемдерін, ерекшеліктерін, параметрлері мен сипаттамаларын бақылап тексерудің немесе өнім түрлерінен сынама алудың нәтижелері бойынша;

материалдар мен бұйымдарды дайындау бойынша жекелеген өндірістік операциялардың, технологиялық процестің режимі мен басқа да көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша.

4. Кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындағанда кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Кеме қатынасының тіркелімі (бұдан әрі - Тіркелім) келесі қызметін жүзеге асырады:

1) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау техникалық құжаттамасын келісуі;

2) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау технологиялық процесін келісуі;

3) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау нормативтік актілерінің жобаларын келісуі;

4) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау мәселелері бойынша Тіркелімнің нормативтік актілерін әзірлеу және бекіту;

5) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау мәселелері бойынша нормативтік актілерінің жобаларын қарастыру;

6) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын әзірлеу;

7) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды техникалық к у ә л а н д ы р у ;

8) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды сынақ бойынша зертханаларын техникалық куәландыру (бұдан әрі - сынақ зертханалары);

9) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау мәселелері бойынша Тіркелімнің құжаттарын беру, әрекетін тоқтату және күшін жою.

5. Кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындағанда кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында субъектілер:

1) Тіркеліммен кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуін жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды Тіркелімнің қызметкерлеріне ұ с ы н а д ы ;

2) кемелердің техникалық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі Ереженің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы үшін Тіркелімнің қызметкерлеріне рұқсат қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Тіркелім қызметкерлерінің ұйғарымдарын орындайды.

6. Тіркелім қызметкерлерінің ұйғарымы Тіркелімнің басшысында, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот арқылы шағымдануы мүмкін.

7. Тіркелім қызметкерлерінің ұйғарымын орындалмаған жағдайда, Тіркелім:

1) Ереже талаптарына және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкес болмаған материалдар мен бұйымдар орнатылған кемелердің, кеме механизмдерінің, құрылғыларының және техникалық жабдықтарының п а й д а л а н у ы н т о қ т а т а д ы ;

2) кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдар дайындау саласы бойынша құжаттарды беруге рұқсат етпейді немесе бұрын берілген құжаттардың күшін жояды.

2-тарау. Кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындаудың жалпы тәртібі

8. Тіркелімнің тапсырысымен берілген сыныптау қоғамының сертификаты немесе Ереже талаптарына сәйкес берілген Тіркелімнің құжаттары мен техникалық куәландырудың оңды нәтижесінде материалдар мен бұйымдар қолдануға тағайындауымен жіберіледі.

9. Материалдар мен бұйымдарды техникалық куәландыру негізінде Тіркелімнің қызметкерлері материалдар мен бұйымдарды жасау Ереженің талаптарына және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкестігін тексереді.

10. Материалдар мен бұйымдардың техникалық куәландыруды өткізу үшін с у б ъ е к т і л е р Т і р к е л і м г е :

1) Ережеге сәйкес, Тіркеліммен келісілген техникалық жобасы мен т е х н и к а л ы қ ж а ғ д а й д ы ;

2) Тіркеліммен келісілген жұмыс құжаттамасын;

3) Тіркеліммен келісуге жататын, нақты материалдар мен бұйымдарға қатысты техникалық куәландыруды өткізудің тәртібі мен көлемін анықтайтын, бақылаулық техникалық куәландырудың тізімін жібереді.

11. Техникалық куәландыру кезінде Тіркелімге және оның қызметкерлеріне берілетін ақпарат құпия болып саналады. Тіркелімнің қызметкерлері техникалық куәландыру кезінде алған ақпаратты тек қана қызметтік мақсатымен пайдаланады.

12. Техникалық куәландыруды жүргізгенде субъектілер:

1) Тіркелімнің қызметкерлеріне жұмыс үшін қажетті техникалық құжаттаманы, оның ішінде өнімнің сапасын бақылау зауыттық құжаттарын, сонымен қоса қажетті арнайы киімдер мен құрал-саймандарын береді;

2) техникалық куәландыруды жүргізуге материалдар мен бұйымдардың

дайындығын қамтамасыз етеді;

3) техникалық куәландыру жүргізгенде техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

4) материалдар мен бұйымдарды техникалық куәландыруға ұсынуға өзінің уәкілетті қызметкерлерінің қатысуын қамтамасыз етеді;

5) техникалық куәландыру өткізу уақыты мен орынын уақытында хабарлайды.

13. Тіркелімнің техникалық куәландыруды жүргізу Ереженің 10-тармағында көрсетілген Тіркелімге құжаттамаларын ұсынған күннен бастап, отыз күнтізбелік күн мерзімі болады.

14. Тіркелім қызметкерінің немесе субъектінің себептері көрсетілген өтініші негізінде Тіркелімнің техникалық куәландыруды жүргізу уақыты Тіркелімнің басшысының шешімімен отыз күнтізбелік күнге созылуы мүмкін. Осы шешім туралы Тіркелім субъектіге жазбаша хабарлайды.

15. Осындай техникалық куәландыру барысында Тіркелімнің қызметкері өзімен келісілген бағдарлама бойынша субъектінің Ереже мен нормативтік-техникалық актілерге сәйкестігін анықтау үшін оның өндірістік объектілерінде сынақты өткізеді, технологиялық процестерді, өндірістік объектілерінің жағдайын және субъект қызметкерлерінің біліктілігі деңгейін қарайды.

16. Материалдар мен бұйымдарды сынақтар барысында техникалық куәландыруды жүргізудің техникалық шарттары көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның нормативтік-техникалық актілерімен бекітіледі.

17. Тіркелімнің қызметкері техникалық куәландырудың соңында техникалық куәландыру актісін жасайды және оған қолын қояды.

18. Техникалық куәландырудың нәтижесінде Тіркелім келесі шешімдердің бірінің қабылдайды:

1) материалдар немесе бұйымдардың Ережеге және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкестігі туралы. Тіркелімнің мұндай шешімі материалдар мен бұйымдарды тағайындануы бойынша қолдануына негіздеме құжаттарды беруге болып табылады;

2) материалдар немесе бұйымдардың Ережеге және нормативтік-техникалық актілеріне сәйкес еместігі туралы. Тіркелімнің мұндай шешімі материалдар мен бұйымдарды тағайындануы бойынша қолдануына құжаттарды бермеуге негіздеме болып табылады.

19. Ереженің 18-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес берілген Тану туралы куәлікте мыналар көрсетіледі:

1) субъектінің толық атауы;

2) субъектінің заңды мекен-жайы, оның нақты тұрғылықты жері;

- 3) субъектпен жасалынатын және Тіркелімнің техникалық куәландыруға жататын материал немесе бұйымның атауы;
- 4) Тану туралы куәлікті беру мерзімі;
- 5) қажет болғанша, басқа мәліметтер.

20. Тану туралы куәлік екі жыл мерзімге беріледі.

21. Тану туралы куәлік қолданылу мерзімінде субъект:

- 1) Тану туралы куәлікте көрсетілген қызмет саласындағы кез-келген өзгерістер жөнінде Тіркелімді хабардарлайды;
- 2) сапа жүйесінің сипаттамасы мен сынақтарды жүргізудің әдістемесін, сынақтардың процестеріне, жабдыққа, есептік құжаттармен статистикалық деректерге Тіркелімнің қызметкерлерін рұқсатпен қамтамасыз етеді.

22. Тіркелім Тану туралы куәліктің қызмет етуін келесі жағдайларда тоқтатады :

- 1) субъектпен материалдар немесе бұйымдарды дайындау шарттары бұзылғанда, Тіркеліммен келісілген технологиялық процестері бұзылғанда;
- 2) Тіркеліммен келіспестен техникалық құжаттамаға кемелердің техникалық қауіпсіздігіне қатысты мәселелер бойынша өзгерістерді енгізгенде;
- 3) кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан шектен тыс ақаулар анықталған жағдайда.

23. Тану туралы куәліктің қызмет етуі Тіркелімнің қызметкерлерімен Ереженің және нормативті-техникалық актілерін анықталған бұзуын жойғанға дейін мерзімге тоқтатылады.

24. Тіркелім келесі жағдайларда Тану туралы куәліктің күшін жояды:

- 1) Тіркеліммен белгіленген мерзімде Ереженің және нормативті-техникалық актілердің анықталған бұзуын жоймағанда;
- 2) Тану туралы куәліктің қызмет ететін мерзімі өткеннен кейін.

25. Жаңа немесе тұңғыш рет Тіркелімге ұсынылатын тұрпаттық материал, тұрпаттық бұйымды немесе дайындаудың технологиялық процессін дайындауда субъект Тіркелімге Рұқсат алу үшін өтінішпен жүгінеді.

26. Рұқсатты жаңа материалдың, бұйымның немесе технологиялық процестің әзірленуінің техникалық куәландыру арқылы құрамының, құрылымдардың, параметрлердің, сипаттамалардың немесе режимдердің сенімді және дәл анықталуы қамтамасыз етілетін және олардың Ережемен нормативті-техникалық актілеріне сәйкестігін қанағаттандыратын сатыда беру қажет.

27. Материалдармен бұйымдардың жаппай шығаруына Тіркелім материалдар, бұйымдардың бүкіл партиясына бір Рұқсат береді. Бұл жағдайда осындай бұйым осы Рұқсатқа сілтемеленетін зауыттың құжатымен жеткізіледі.

28. Өтінішпен бірге материал, бұйым немесе технологиялық процестің техникалық құжаттамасы, сондай-ақ субъектпен бекітілген және Тіркеліммен келісуге жататын сынақтардың бағдарламасы қоса тапсырылады.

29. Рұқсат Тіркеліммен келісілген техникалық құжаттаманың қызмет ету мерзіміне беріледі.

30. Тіркелім Рұқсаттың қызмет етуін келесі жағдайларда тоқтатады:

1) Тіркеліммен келісілген материалдар немесе бұйымдар дайындаудың технологиялық процесінің бұзуын анықтағанда;

2) Тіркеліммен алдын-ала жазбаша келісуісіз материалдардың немесе бұйымдардың құрылымдарын, қасиеттерін, параметрлерін, сипаттамаларын өзгертенде;

3) материалдар немесе бұйымдарды белгіленбеген салада қолданғанда, Тіркеліммен келісілмеген өндірістік объектіде, Тіркеліммен келісілмеген кемелерде материалдар немесе бұйымдарды орнатуда, қолдануда немесе Тану туралы куәлігі жоқ субъектіде.

31. Тіркелім Рұқсатты келесі жағдайларда күшін жояды:

1) Тіркеліммен қойылған мерзімде Ереженің және нормативті-техникалық актілердің анықталған бұзуын жоймағанда;

2) Рұқсаттың қызмет ететін мерзімі өткеннен кейін.

32. Тіркелім материалдарға, бұйымдарға техникалық құжаттаманы оның зерттеменің түрлі сатыларында Ереже және нормативті-техникалық актілерге сәйкестігін анықтауымен келісіледі.

33. Келісу рамкаларында Тіркеліммен келісуге техникалық жобалар және жұмыс құжаттамасы жатады.

34. Тіркелімнің үндеуімен субъект техникалық тапсырманы, техникалық ұсынысты, эскиздік жобаны, тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-зерттеу кемелерде орнату үшін материалдар мен бұйымдарды дайындау саласындағы жұмыстардың құжаттамалынған нәтижелерін жібереді.

35. Техникалық құжаттаманы Тіркеліммен қаралу мерзімі отыз күнтізбелік күн мерзім болады. Тіркелімнің бастығының шешімі бойынша қаралу мерзімі отыз күнтізбелік күнге созылуы мүмкін, ол туралы жазбаша және мерзімді ұзарту себебін көрсетумен субъект хабарланады.

36. Бұйымдарға техникалық жобалар Тіркелімге қағаз (екі данада) және электронды тасымалдаушыларда келісілуге ұсынылады.

37. Кемелер мен бұйымдардың техникалық жобаларын келісуді Тіркелім жарық көшірмелерге тиісті сызбаларды немесе құжаттарда штампты қою арқылы және сәйкес шешімді қабылдау арқылы ресімдейді, онда көрсетіледі:

1) "Қазақстан Республикасының Кеме қатынасы тіркелімімен келісілді" сөздері;

- 2) Тіркеліммен келісу шешімін қабылдаған нөмірі мен күні;
- 3) Тіркелім басшысының немесе онымен уәкілеттенген қызметкерінің қолы.

38. Келісілгеннен кейін техникалық жобаның бір данасы Тіркелімде қалады және Тіркелімнің келісу туралы шешіміне ажыратылмайтын қосымша болып табылады. Келісілген техникалық жобаның басқа данасы Тіркелімнің келісу туралы шешімінің көшірмесімен субъектіге қайтарылады.

39. Жұмыс құжаттамасы Тіркелімге қағаз (бір данада) және электронды жеткізгішінде келісуге ұсынылады.

40. Тіркелім жұмыс құжаттамасын келісілуін сәйкес шешімді қабылдауымен және жұмыс құжаттамасының жарық көшірмесінде Ереженің 37-тармағында атап өтілген мәліметтерді көрсетілген штамп басылумен ресімдейді.

41. Бұрыштамалар басылған жұмыс құжаттамасының субъектте бақылау данасы болып сақталады.

42. Тіркелімде онымен келісілген субъектпен расталған жарық көшірмелері сақталады.

43. Кеме элементтерін және кемеде орнатылған бұйымдарды швартовты және жүру сынақтары Тіркелім қызметкерлерінің қатысуымен жүргізіледі.

44. Швартовты және жүру сынақтары бағдарламасы стандарттар, Ережелер, нормативтік-техникалық актілер негізінде субъектімен және Тіркелімнің техникалық құжаттарымен келісіліп, Тіркеліммен келісіледі.

45. Сынау бағдарламасында механизмдер, қондырғылар, жүйелер және кеме жабдықтарының әрбір түрлерінің техникалық талаптары баяндалуы тиіс және қажетті түсініктемелер, бейнелеу және әдістемелер, өлшеу нәтижелерін тіркеу үшін кесте түрінде келтірілген:

- 1) сынақтарды жүргізу шарты;
- 2) сынақтар көлемі;
- 3) тәртіптің ұзақтығы;
- 4) өлшеу параметрлерінің тізімі;
- 5) өлшеу тізбектілігі;
- 6) сынаудың бірізділігі;
- 7) қолданылатын аспаптар мен аппаратуралар;
- 8) жүктемелік қондырғылар;
- 9) сынау жүргізу үшін қажетті, басқа да қосымша жабдықтар.

46. Бірнеше механизмдерден, қондырғылардан, жүйелер және аппараттардан тұратын кеме жабдықтарын сынау барысында, сынау бағдарламасында осы схемаға кіретін берілген тәртіпте бір мезгілде барлық механизмдерді, жүйелер, қондырғылар және аппараттарды сынау қарастырылу қажет.

47. Тіркелім қызметкерлерінің қатысуымен сынауды жүргізу үшін субъект қажетті шарттарды қамтамасыз етеді, оның ішінде, кеме және заводтық байланыс құралдарын беру, көлік құралдарымен қамтамасыз ету.

48. Швартовты және жүру сынақтары бағдарламасын Тіркеліммен келіскеннен кейін, субъект сынақ кестесінің жоспарын Тіркелімнің қызметкерімен келіседі.

49. Келесіні тексеру мақсатында швартовты сынақтары жүргізіледі:

1) корпусты жасау сапасы, механизмдер монтажі және дайындалуы, электр жабдықтары, қондырғылар, жүйелер және басқа да жабдықтар, олардың әрекетін байқау, сонымен қатар олардың Ережелерге, нормативтік-техникалық актілерге сәйкестігі және техникалық құжаттары Тіркеліммен келісілген;

2) кеменің жүру сынақтарын жүргізуге, оның басты және көмекші механизмдерінің, қондырғыларының, жүйелер және жабдықтарының дайындығы ;

3) жүру сынақтарын қажет етпейтін, механизмдер және қондырғыларды сынақтары.

50. Швартовты сынақтары бастамастан бұрын субъект Тіркелімнің қызметкеріне ұсынады :

1) монтаждық жұмыстың және оларды сынау аяталғанын растайтын құжаттар және техникалық куәландырудың нәтижесі;

2) швартовты сынақтардың бағдарламасы;

3) швартовты сынақтардың жоспар кестесі;

4) келісім-шарт маманданым;

5) кемені жабдықтау және қор бөлшектерінің ведомостері;

6) материалдар мен бұйымдарға сертификаттар;

7) монтаждық жұмыс нәтижесі бойынша берілгендермен материалдар және бұйымдарға формулярлар мен төлқұжаттар;

8) аспаптардың жарамдылығы туралы құжаттар;

9) материалдар және бұйымдарды сипаттамасы және олардың қызмет етуі бойынша нұсқалар ;

10) сынақ әдістемелері;

11) жанар-жағар май материалдарына сертификаттар;

12) техникалық құжаттамасы.

51. Жүру сынақтары келесі мақсатында жүргізіледі:

1) басты кемелік энергетикалық қондырғының негізгі параметрлерін тексеру;

2) кеменің алдыңғы және артқы жүрісін маневрлау барысында оның жұмысын тексеру ;

3) өзіне тән реверсивті тексеру;

4) басты кемелік энергетикалық қондырғының пайдаланылуға жақындаған

жағдайда жұмысқа қабілеттілігін тексеру;

5) кеменің басқарылуы мен маневрлауының мінездемелігін тексеру;

6) тербелу өлшемімен, кемені пайдалануға жақындаған жағдайда барлық жағдайда барлық жағдайда тексеру;

7) келесі бақылау сынағында тексеруге ұшырайтын кемелерді қоспағанда, ақпаратты сынақтар;

8) механизмдер, қондырғылар, аппараттар, навигациялық, радио-электр жабдықтардың пайдаланылуға жақындаған жағдайында жұмысқа қабілеттілігін тексеру;

9) айналмалы жүйенің басты механизмі - білік өткізгіш-қозғалтқышты тексеру;

10) кеменің Тіркелім қарастырған оның тағайындалуына сәйкес класс жобасына ие болу мүмкіндігін растау.

52. Жүру сынақтары бастамаған бұрын субъект Тіркелімнің қызметкеріне ұсынады:

1) швартовты сынақтардың аяқталғанын растайтын құжаттар;

2) Тіркеліммен келісілген швартовты сынақтардың бағдарламасы;

3) жүру сынақтардың жоспар-кестесі;

4) сынақ әдістемелерін бейнелеу;

5) техникалық құжаттамасы;

6) қажет болған жағдайда алдыңғы қисаюдың нәтижесі бойынша жөнделгендер, жайларды су басып кеткенде кеменің орнықтылығы мен батпайтындығы туралы ақпараттар;

7) орнықтылық есебі мен қисаюдың хаттамасы (басты кемелер үшін).

53. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды беріп, швартовты сынақтардың аяқталғаны және байқалған ақауларды жойғаннан кейін, субъект жазбаша түрде Тіркелімге жүру сынақтарын өткізу мүмкіндігі туралы сұраныс береді.

54. Бұл сұраныста субъект:

1) кеменің жүру сынақтарына дайындығын растайды;

2) жүру сынақтарына қатысқан саны туралы мәліметтерді көрсету;

3) ұжымдық және жеке құтқару құралдары туралы мәліметтерді көрсету;

4) жүру сынақтарын бастаудың жобаланған мерзімін көрсету.

55. Субъектінің жүру сынақтарын өткізуге берген өтініші Тіркелімде он бес күнтізбелік күн ішінде қаралады.

56. Тіркелім қарау нәтижесінде субъектіге жүру сынақтарын өткізу мүмкіндігі, жүру сынақтарын өткізу мерзімі мен ауданы көрсетілген жазбаша жауап жібереді.

57. Швартовты немесе жүру сынақтары келесі жағдайларда тоқтатылады:

1) жөндеуге келмейтін немесе ақау байқалған жағдайда;

- 2) авариялық күйге ұшыраған жағдайда;
- 3) метеорологиялық жағдай күрт төмендегенде.

58. Сынақтарды тоқтату туралы шешімді Тіркелімінің қызметкері немесе себебіне қатысты Тіркелімінің қызметкерімен келісімі бойынша субъект қабылдайды.

59. Сынақ тоқтатылған жағдайда субъект сынақтың тоқтатылу себептерін, қайта сынақ жүргізуге дейін орындауға жататын, тоқталу себептерін жою бойынша талаптарды көрсетіп акт жазады.

60. Егер апатқа ұшырау жағдайының себебі құрылымдық жетіспеушілік немесе дайындау ақауынан болса, онда апаттық күйге ұшыраған жағдайда Тіркелімнің қызметкері техникалық куәландыру актісін толтырады.

61. Сынақтың аяқталуы бойынша бұйымдарды қарау жүргізіледі, бұрын байқалған ақауларды жою мәліметін мазмұндайтын және оларды жою үшін қабылданған шаралар нәтижесі бойынша акт жасалады.

62. Тіркелім қызметкерінің келісімі бойынша жойылған ақаулардың көлемі және қарау нәтижесіне қатысты, мұндай қараудан кейін швартовта немесе кемеде бақылау сынағы жүргізіледі.

63. Швартовты және жүру сынағының нәтижесі Тіркелімнің қызметкерімен келісуімен бақылау көрсеткіштері қамтылып қондырғылар, механизмдер, жүйелер және басқа да бұйымдардың жұмысын бағалау үшін қажетті хаттамаларға және журналға енгізіледі.

64. Имитациялық әдістерді қолдану арқылы кемеңі қозғалыссыз жүру тәртібінде сынау немесе жүру сынағының нәтижесі бойынша Тіркелімнің қызметкері субъектіге хабарлайды:

1) ескертулер;

- 2) Тіркелімнің құжаттарын беру үшін жасалатын жұмыстар;
- 3) байқау көлемі көрсетілген ашуға жататын бұйымдар тізімі.

65. Байқау процесінде қараудан кейін бақылау сынақтарын қажеттілігін және олардың жағдайын анықтау үшін бұйымдардың бөлек түйіндерін жинауға рұқсат етіледі.

66. Байқау нәтижелері субъектімен құралатын және келесі мәліметтерді мазмұндайтын актімен жазылады:

- 1) байқауға жататын бұйымдар тізімі;
- 2) анықталған ақаулардың сипаттамасы;
- 3) ақаудың болу себептері;
- 4) ақауларды жою бойынша шаралары.

67. Бақылау шығуға дейін швартовты, жүру сынақтары және ақауларды байқау процесінде анықталған барлық ақаулар жойылып, Тіркелім қызметкерінің барлық ескертулері қамтылуы тиіс.

68. Бақылау шығуды жүргізу Тіркелімнің қызметкерімен келесі міндеттерді ескере отырып келісіледі:

1) бұйым байқауға ұшырап және оны бақылау сынақтары тек қана бақылау шығу кезінде ғана жүргізіледі;

2) бұйымның жөнделгенін анықтайтын параметрлер тек қана бақылау шығу кезінде алынуды мүмкін;

3) жұмысқа қабілеттілігі тек қана бақылау шығу кезінде, швартовты және жүру сынақтары немесе жауапты түйінді байқауды ауыстырудан кейін расталды;

4) имитациялық құралдармен қажетті тәртіптерге немесе мұндай құралдардың болмауынан режимдердің тәртібіне қол жеткізу мүмкін емес.

69. Кемекұрылыстық немесе стапельдік орында акваториясында жүру тәртібінің орындалуы кемелік механизмдер және жабдықтар имитациялық қондырғылар және әдістерді қолдану арқылы сынақтарын өткізу мүмкін (бұдан әрі - имитациялық сынақтар).

70. Имитациялық сынақтар кеме механизмдерінің және жабдықтарының бөлек түрлеріне де, кеме жинағының барлық жабдығы үшін де жүргізілуі мүмкін.

71. Имитациялық сынақтарын жүргізудің мақсатқа сәйкестілік пен әдістерін субъектілер анықтайды.

72. Имитациялық сынақтар жүргізу кезінде арнайы құралдар, стенділер және полигондар, сонымен қатар штаттан тыс аспаптар мен құрал-саймандарды қолдануға рұқсат етіледі.

73. Имитациялық сынақтар жүргізу кезінде сыналатын бұйымның параметрлері жай сынақтар көлемінде тексерілу қажет.

74. Егерде имитациялық сынақтар кейбір параметрлердің анықтауын рұқсат етсе, онда қалған сынақтар жай сынақтар арқылы тексеруі тиіс.

75. Имитациялық сынақтар нәтижелерінің нақтылығы жай сынақтар нәтижелерінен кем болмауы тиіс.

76. Имитациялық сынақтар әдістерін енгізу үшін осы сериядағы имитациялық сынақтардың жұмыстық әдістемесін қарастыру мен келісу, олардың нәтижелеріне сараптама жүргізу арқылы салыстырмалы сынақтар (имитациялық әдіспен және бос суда) өткізу қажет.

77. Салыстырмалы сынақ Тіркелімімен келісілген бағдарлама бойынша өткізіледі.

78. Салыстырмалы сынақтар бағдарламасы (әдістемесі):

1) қабылданған имитациялық сынақ әдісінің теориялық негізін, бұйымдардың сынағының имитациялық құрылғылар мен қоспалардың кестелерін (сызбалар), полигондар кестелерін, салыстырмалы сынақтар өткізілуі тиіс кемелердің саны туралы мәлімет қосатын түсініктемелік бөлім;

2) монтаждың сапасын тексеру ережелері және швартовты тәртіпте өткізетін

сынақтар бойынша талаптар;

3) параметрлерді бақылау және өлшеу нұсқауын қоса тәжірибелі имитациялық сынақтарды өткізу бойынша нұсқау, сонымен қатар бақылау параметрінің мәні арқылы;

4) тәжірибелі имитациялық және жай сынақтарда алынған параметрлердің талап етілген ұқсастығы және салыстырылу әдістемесі туралы нұсқау.

79. Келістірілген параметрлердің мәні, сынақ нәтижесінің ұқсастығының берілуі әрі қарай жасалатын кемелерде және имитациялық сынауларды өткізу туралы тұжырым, субъект Тіркелімнің қызметкерімен келісілген екі кемеден кем емес салыстырмалы сынаулар нәтижесі бойынша акт жасайды.

80. Имитациялық сынақ бағдарламасы Тіркеліммен келісіледі және мыналар ескеріледі:

1) жалпы ереже;

2) сынаққа ұсынылатын бұйымның техникалық жағдайына қойылған талаптар;

3) имитациялық құрылғылардың немесе басқа қамтамасыз етуші құрылғылардың, құралдардың техникалық жағдайына қойылатын талаптар;

4) параметрлерді бақылау және өлшеу нұсқауларын қоса сынауларға дайындау және оларды өткізу бойынша сондай-ақ имитациялық құрылғылардың параметрлерінің мәнінің көмегі арқылы жетуі қажет;

5) имитациялық құрылғылардың және полигондардың схемалары;

6) салыстырмалы бақылаулық сынақтарды өткізу нұсқауы және оларды өткізу жиілігі.

81. Имитациялық сынақтар нәтижелерінің тұрақтылығын растау мақсатында Тіркеліммен келісілген уақытта немесе кемелердегі құрылыс нөмірлерін тағайындау жолымен имитациялық әдіспен сыналатын сериялық жасаудағы кемелердегі салыстырмалы бақылау сынақтары жай сынақтар бағдарламасы көлемінде барлық бөліктері бойынша толық бағдарламалар сынақтары орындалуы тиіс.

82. Жай және имитациялық сынақтар нәтижелерінің тұрақтылығын, бұйымды монтаждау және дайындау сапасының тұрақтылығын есепке ала отырып бақылау сынақтарының мерзімділік жиілігі орнатылады.

3-тарау. Кемелерде орнату үшін бөлек материалдар мен бұйымдарды дайындау тәртібі

83. Тіркелімнің қызметкерлері кеменің корпусын дайындауда қолданылатын материалдар мен бұйымдарын техникалық куәландыру кезінде мыналарды қарауға тиіс:

1) табақтың, жолақтық, бейіндік және сорттық прокат пен құбырлардың, құймалар мен шыңдамалардың немесе құйылған және қақталған бұйымдардың сертификаттарының, дәнекерлеу материалдарының құжаттарының болуы (электродтар, сымдар, флюстар);

2) материал таңбасы мен бөлшектерде көрсетілген балқыту нөмірінің сертификат деректеріне сәйкестігі. Егер балқытудың нөмірі болмаса немесе шартты белгімен ауыстырылса, ол субъекттің ішкі құжаттары бойынша бір мәнде анықталуы тиіс;

3) материал таңбаларының сызбалар талаптарына сәйкестігі.

84. Сыртқы тексеріп қарау кезінде техникалық куәландыруды жүргізетін Тіркелімнің қызметкерлері мыналарды тексеруі тиіс:

1) қадағалау объекті конструкцияларының сызбалар мен техникалық құжаттамаға сәйкестігі, бөлшектердің, тораптардың және басқа да элементтердің біріктірілуі, тоқайласуы және дәнекерленуі, өңдеуді орындау сапасы мен басқа да конструктивті талаптар;

2) көзге көрінетін ақаулар мен ауытқулардың болмауы, уақытша құрастыру бөлшектері мен аспаптарды кетірудің сапасы;

3) орындалған жік дәнекерлері үлгісінің сызба талаптары мен балқылып біріктіру кестесіне сәйкестігі, сыртқы ақаулардың болмауы.

85. Тіркелім қызметкерінің талап етуі бойынша тексеру үшін рентгендік және гамма- суреттер, ультрадыбыстық бақылаудың бюллетеньдері көрсетілуі тиіс, кейбір жағдайларда ақаудың сипатын анықтау үшін жапсарлардың ашылуы мүмкін.

86. Тіркелімнің қызметкерлерімен техникалық куәландыру кезінде корпус сынақтарында мыналар тексерілуі тиіс:

1) бөлме-жайдың сынақтарға дайындығы;

2) сынақтар жүргізудің әдістері мен шарттары;

3) сынақтар арқылы конструкциялар мен жапсарлардың қамтылуының толықтығы;

4) технологиялық операциялардың орындалуының жүйелілігі мен әдістемесі және ұйым арқылы операция барысында бақылау жүргізуі;

5) өткізбеушілікті бағалаудың дұрыстығы;

6) ақаулы жерлерді түзету.

87. Корпус бөлшектерін, торап жинақтамаларын, секциялар мен блоктарды дайындау барысында Тіркелімнің қызметкерлері әрбіреу технологиялық процеске және барлық технологиялық операцияларын аяқтауға техникалық куәландыру жүргізеді.

88. Стендтер, кондукторлар, төсеніштермен басқа да жабдықтар жинақтауға дейін, жинастырылатын тораптардың, секциялар мен блоктардың габаритті

көлемдерінің өлшенген дәлдігі, плаздан түсірілген сызбалар мен ординаттарға сәйкес қоршауларының жатықтығы қамтамасыз етілу үшін Тіркелімнің қызметкерлері алдын ала тексереді.

89. Топтамалық кемелердің корпустарын жасау тұсында техникалық куәландыру аяқталған секциялар мен жеке тораптарға қарағанда жүргізілуі мүмкін.

90. Секцияларды куәландыру тұсында Тіркелімнің қызметкерлері:

- 1) техникалық құжаттаманың сақтауын тексереді;
- 2) материалдарды зерттейді;
- 3) дәнекерлік құрылым элементтерін сыртқы байқауын жүргізеді;
- 4) дәнекерлік жапсарлардың дефектоскопиясын жасайды;
- 5) өткізбеушілікке сынақтарды жүргізеді.

91. Техникалық куәландыруға блоктар жинау-дәнекерлеу мен дәнекерлеу жұмыстары және өткізбеушілікке сынаулар толық аяқталғаннан кейін көрсетіледі. Құбырлар, жабдық сандарының үлкен көлемімен жабдықталған кеме блоктары, куәліктендіруге жататын корпустың барлық құрылымдарына жеткілікті жету мүмкіндігі болғанда ұсынылады.

92. Техникалық куәландыруға жинау, дәнекерлеу, тойтару және түзету бойынша барлық жұмыстар, сондай-ақ корпустық құрылымдарға тікелей қосылатын жабдықтың барлық бөлшектерінің орнатылуы аяқталғаннан кейін бөлме-жайлар ұсынылады. Бір метр ұзындықта куәландырылатын бөлмеге жанасатын құрылымдар да сондай-ақ біржола дәнекерленуі тиіс.

93. Корпус құрылымдарында сызаттар анықталған жағдайда, Тіркелімнің қызметкері субъектті хабардарлайды және ол құрылымның күйін, соның ішінде бұрын куәландырылған құрылымдардың жағдайын зерттейді.

94. Субъекттер сызаттардың пайда болуының себептерін анықтау мен оларды жою жөнінде шараларын қабылдайды:

1) Тіркелімнің қызметкері көрсеткен аудандарында корпус бойынша жұмыстар тоқтатылады;

2) субъект сызаттардың пайда болуы жағдайларының талдауын жеткізуі және олардың алдын алу мен жою жөнінде шаралары Тіркелімнің қызметкеріне ұсынады;

3) Тіркелімнің қызметкерімен келісілген технология бойынша ақауланған құрылымдар корпустан алынуы немесе сызаттарды біржола кетіру арқылы жөнделуі тиіс.

95. Басты және топтамалы бұйымдарды дайындау техникалық куәландыру мынадан тұрады:

1) Тіркеліммен бұрыннан келісілінген техникалық құжаттамасын қолдануын дұрыстығын тексеру;

- 2) қолданылған материалдың техникалық куәландыруы;
- 3) визуалдық қадағалау;
- 4) өлшеуді бақылау;
- 5) дефектоскопия;

б) сынақтар.

96. Жаңа тіркеу құлыптың тәжірибелі үлгілер немесе тартылу құрылғы стендте Тіркеліммен келісілген бағдарламасы бойынша тензометорлық және динамометрлік сынақтарға тартылған болуы тиіс.

97. Құтқару шлюпкаларын, салдарын, аспаптарын, шеңберлерін, кеудешелерін техникалық куәландыру кезінде Тіркелімнің қызметкерлері сынақтарын өткізеді.

98. Кемелік механизмдерін техникалық куәландырудың Тіркелімнің қызметкерлері:

- 1) материалдардың сапасын және термиялық сапаның өңдеуін, толықтыру жабдығын, зауыттық таңбасын және ретін құжаттар бойынша зерттейді;
- 2) гидравликалық және ауалық сынақтардың өтуіне қатысады;
- 3) визуалдық байқауды және өндірімнің сапасын, өлшемдердің жұмыс сызбаларына сәйкестігін, технологияны сақтау және технологиялық құжаттамамен талап ететін дефектоскопия әдісін қамтамасыз етуін зерттейді.

99. Механизмдерді, олардың бөлшектерін жасауға және толықтыру үшін барлық материалдарға, жинақтаушы жабдықтар және бұйымдарға материал және дайындау тәсілінің келісілген техникалық құжаттамасына сәйкестігін растайтын құжаттар мен сертификаттар болуы тиіс.

100. Субъектілер гидравликалық сынаққа тартылған бұйымдардың термиялық және механикалық өңдеуін қамтамасыз етеді.

101. Бөлшектерді гидравликалық сынақтардың нәтижелерін сынақтар журналына енгізіледі, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) бұйымның атауы;
- 2) өндірістік нөмірі;
- 3) сызбаның нөмірі;
- 4) жұмыс қысымының белгісі;
- 5) сынау гидравликалық қысымның белгісі;
- б) сынақтардың нәтижелері мен жіберілген ақауларды жөндеу туралы мәліметтер;
- 7) сынақтың күні;

8) субъект өкілінің қолы.

102. Сынақтан өткен бөлшектердің көрнекі жеріне бөлшектің нөмірін, таңбасын, ал қажет болған жағдайларда - жұмыс және сынама қысымдардың белгілерін ойып жазу керек.

103. Болмайтын ақауды немесе Ереже мен нормативті-техникалық актілерінің басқа бұзылуын анықтағанда Тіркелімнің қызметкері ақаудың ықтимал болудан алдын-алу сақтандыру және оның себебін анықтау үшін қажет көлемінде қайта техникалық куәландыруды жүргізеді.

104. Жаңадан жасалынатын механизмдер сынақтарға тартылған болатын, сондай-ақ жөндеуден кейін механизмдер сынақтарға тартылуы тиіс.

105. Механизмнің негізгі элементтерін жаңартуда сынақтар дайындаушы зауыт немесе жобалауды жасайтын субъектімен әзірлеген және Тіркеліммен келісілген бағдарлама-әдістемесі бойынша жүргізіледі.

106. Ішкі жану қозғалтқыштардың бөлшектері мен түйіндерін техникалық куәландыруда Тіркелімнің қызметкерлері мыналарды тексереді:

1) біліктестік және механизмдердің тоқайлас бөлшектерінің білік аралық көлемдері ;

2) түптік, шатундық подшипниктер төсеніштері мен шатунның үстіңгі қалпақшасы подшипниктерінің диаметралды қондыру көлемдері, сондай-ақ түптік подшипниктер төсеніштерінің біліктестігі;

3) поршеньнің қондыру саңылауларының біліктестігі және шатунмен тоқайласу тұсындағы біліктердің перпендикулярлығы;

4) блок бөлшектерінің, фундамент рамаларының, цилиндр қақпақтарының, блок қалпақшалары элементтері жалпақтықтарының тура сызықтығы мен перпендикулярлығы ;

5) тоқайлас бөлшектер ажыратылымы жалпақтықтарының тазалығы мен дәлдігі ;

6) ақаулардың жоқтығы, өңдеудің тазалығы, мойындар мен галтелдер пішіндерінің дұрыстығы, негізгі қабаттардың соғуы, мойындардың біліктестігі, кривошиптердің орналасуы, иінді біліктердің тұрақты және динамикалық теңгермелілігі.

107. Қозғалтқыштарды сынақтар алдында Тіркелімнің қызметкерлеріне келесі құжаттар ұсынылады :

1) сынақтарға дайын болу жөніндегі құжат;

2) бақылайтын параметрлер бойынша нәтижелерді көрсету арқылы зауыттық сынақтардың жүргізілуі туралы құжаты;

3) сынақтардың бағдарлама-әдістемесі;

4) стендтің төлқұжаты ;

5) қызмет көрсету бойынша сипаттама мен нұсқаулық, түйіндік сызбалардың жинағы, монтаждық көлемдер, бөлшектерді өлшеудің нәтижелері;

6) стендтің бақылау-өлшеу аспаптарын немесе штаттық аспаптарды тексеру жөніндегі құжат пен оларды орнатудың схемасы;

7) жинақтаушы жабдықтың, оны сынаққа жататын механизммен бірге

стендке орнату тұсындағы құжаттамасы;

8) жасалу деректермен толтырылған зауыттың техникалық формуляры.

108. Тіркелім қызметкерлерінің қатысуымен жүргізілетін бақылау сынақтарында мыналар тексерілуі тиіс:

- 1) іске қосу қасиеттері;
- 2) реверсивті құрылғының жұмысы;
- 3) апаттық-ескерту дабылдамасының жүйесі мен қорғауыш құрылғылар;
- 4) автоматтандырылған басқарудың жүйесі;
- 5) айналу жиілігін реттеу жүйесі.

109. Әрбір дайындалған қозғалтқышқа, механизммен бірге тапсырыс берушіге жіберілетін зауыттың техникалық формуляры жасалуы тиіс. Формулярға келесі құжаттар қосымшалануы керек:

1) техникалық шарттар арқылы нұсқалынатын көлемдегі механизмнің және жинау сызбаларының жинақталымы;

2) контрагент-зауыттармен жинақталатын көмекші механизмдердің формулярлары;

3) техникалық сипаттама мен механизмнің және арнайы құралдың толық сипаттамасы көрсетілген пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

4) қосалқы бөлшектердің ведомосы;

5) бақылау-өлшеу аспаптарының төлқұжаты;

6) қозғалтқышты жасалудан қабылдау туралы актісі;

7) қозғалтқыштың стендік сынақтарының (тексеру сынақтарының) хаттамасы ;

8) сынақтан кейін қозғалтқышты тексеру жөніндегі актісі.

110. Формулярды тексергеннен кейін Тіркелімнің қызметкері станинаның қорғалған жеріне Тіркелімнің таңбасын қояды.

111. Стендік сынаулардың алдында Тіркелімнің қызметкеріне келесі құжаттар ұсынылады :

1) материалдарға сертификаттары;

2) дефектоскопия актісі;

3) өлшеулердің, ортаға дәл түсірудің, гидравликалық сынақтардың теңгеру нәтижелерімен қозғағыштың төлқұжаты;

4) стендтің төлқұжаты ;

5) Тіркеліммен келісілген сынақтардың бағдарламасы.

112. Қозғағыштың стендік сынақтар штаттық жабдықпен бірге кемелік сынақтарға барынша жақын жағдайларда жүргізу керек.

113. Стендік сынақтардан кейін Тіркелімнің қызметкерімен келісілген көлемде қозғағыш өзектерінің бөлшектенген түрдегі тексерілуі жүргізілуі тиіс.

114. Техникалық куәландырудың оң нәтижесінде Тіркелімнің қызметкері қозғағыштың төлқұжатына қолы мен таңбасын қояды.

115. Электр жабдығын дайындау, монтаждау, швартовтық және жүру сынақтар кезеңінде техникалық куәландыру жүргізіледі.

116. Электр жабдығын орнату кезінде қолданылатын және электр құрылғысын жасау барысында жүзеге асырылатын технологиялық процестер Тіркелімнің қызметкеріне материал мен бұйымның қызметкеріне рұқсат етілген жағдайда техникалық куәландыру үшін ұсынылады.

117. Тіркелімнің қызметкері электр құрылғысын техникалық куәландыру кезінде :

- 1) оқшауланудың жағдайы мен қарсыласуы;
- 2) электр энергиясын тарату жүйесін қолдану;
- 3) электр энергиясы көздеріне қосылу торабын;
- 4) жарылыс қауіпі бар кеңістікте және бөлме-жайларда орналастырғанда электр құрылғысының жарылыс қорғанысының деңгейін;
- 5) кабельдерде қолданылатын түрлері, маркалары және қимасын;
- 6) электр қуатының жерге тартылуын тексереді.

118. Тіркелімнің қызметкерлері генераторларды, ескек электр қозғалтқыштары, басты және таратушы қалқандарды, жауапты мақсаттағы электр желісін келтірудің бас үлгілерін және ток таратушы қондырғылардың сынақтарын жүргізуге қатысады.

119. Электр жабдығы дайындаушы-зауыттың стендісінде және кемеде Тіркеліммен келісілген сынақтар бағдарламасына сәйкес сынақтан өтуі тиіс.

120. Сынақтар өткізу кезінде детальдардың ақаулары мен бұйымның жұмыс істеуі бұзылса Тіркелімнің қызметкері ақауларды табу мақсатымен тексеру жүргізіп, бұйымды әрі қарай сынақтан өткізудің мүмкіндігін анықтайды.

121. Радиожабдықты сынақтан өткізу алдында Тіркелімнің қызметкеріне:

- 1) Тіркеліммен келісілген радиожабдықтарға техникалық құжаттама;
- 2) жабдықтау бұйымдарға құжат;
- 3) Тіркеліммен келісілген сынақтардың бағдарламасы мен әдістемесі;
- 4) жабдықтың оның сипаттамасын растайтын қажетті құжаттар;
- 5) Сынақ зертханаларын тану туралы куәлік;
- 6) егер сынақтар бағдарламасында қарастырылған болса, жекелеген сынақтардың оң нәтижелерін растайтын (мысалы, жарылыстан қорғануға) құзырлы органдардың құжаттары ұсынылады.

122. Егер бұйымды техникалық куәландыру кезінде бұйымның келісілген техникалық құжаттамаға, Ережеге немесе нормативтік-техникалық актілерге сәйкес еместігі анықталса, онда бұйым субъектіге қайта тексеру мен ақауларды жою үшін қайтарылады.

123. Экологиялық қауіпсіздік жабдығын дайындау (бұдан әрі - ЭҚЖ), осы жабдықтың деталі мен тораптарын, сонымен қоса оны монтаждау Тіркеліммен келісілген техникалық құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

124. ЭҚЖ жабдықтың мақсаты, дайындаушының атауы, тұрпаты, моделі, зауыттық нөмірі және жасалынған жылы, сонымен қатар Ережеге сәйкес қажет болса Тіркелімнің таңбасы көрсетілген кестесі болуы тиіс.

125. ЭҚЖ дайындаудағы техникалық куәландыру өзіне:

1) материалды тексеру немесе жабдықтаушы бұйымды, қосалқы құжаттарды тексеруді;

2) дайындалған детальдар мен тораптарды келісілген техникалық құжаттамаға сәйкестігін тексеруді;

3) дәнекерлеу жұмыстарын тексеруді;

4) гидравликалық сынақтарды;

5) жұмыс істеуін тексеруді қосады.

126. Дайындаушының стендісінде немесе онымен келісілген сынақтар бағдарламаларына сәйкес Тіркеліммен танылған ұйымда ЭҚЖ бірінші топтамалық (басты) бұйымы сынақтардан өтеді.

127. Тіркеліммен келісілген стендте сынақтан өтуі кеменің бортында өтумен алмастырылуы мүмкін. Осы кезде ол Тіркеліммен келісілген кеңейтілген бағдарлама мен әдістемесімен өткізіледі.

128. Топтамалық бұйымдардың қабылдау-тапсыру сынақтар көлемі басты бұйымның сынақ нәтижелерін есепке ала отырып, жасау және бағдарламаны келісілгенде белгіленеді.

129. Монтаж және гидравликалық сынақтар бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін ЭҚЖ Тіркеліммен келісіліп жасалған бағдарлама бойынша ЭҚЖ жұмыс үстінде тексеру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникация

министрінің

2006 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 334 бұйрығымен бекітілген

Кемелерде орнату үшін материалдармен

бұйымдарды дайындау туралы ережесіне

1 қосымша

**Кеме қатынасы тіркелімінің
техникалық куәландыруға жататын
бұйымдардың тізімі**

1 . К е м е к о р п у с ы .

2. Штевеньдер, кильдер, ескіш біліктердің кронштейндері, дейдвудтық құбырлар мен төлкелер .

3. Жинақталымды сыртқы қаптама, бұрылмайтын саптамалар.

4. Палубалар, платформалар, фермалар мен пиллерстер.

5. Екінші түп, екінші борттар.

6. Өткізбейтін қалқалар және кіріктіріме цистерналар.

7. Ескіш біліктердің тоннельдері.

8. Фальшборт, қондырмалар, рубкалар.

9. Негізгі және көмекші механизмдердің астындағы фундаменттер және қ а з а н д а р .

10. Комингстер, тамбурлар және кеме корпусындағы басқада саңылау қ о р ш а у л а р ы .

11. Құрылғылар, жабдық пен жабдықтау.

12. Рульдік құрылғылар:

1) баллерлер және рудерпистер;

2) рульдің баспасы және жинақталымдағы бұру саптамасы;

3) баллерлер подшипниктер;

4) дәнекерлердің бөлшектері: баллерлердің, руль баспасымен баллерлердің, бұру саптамасымен, румпель немесе баллерлі сектор;

5) румпельдер, секторлар;

6) руль баспасы ауыстырғыштың, бұру саптамасының шектегіштері және о л а р д ы ң б ө л ш е к т е р і ;

7) руль жетектері білікшелері сымының бөлшектері;

8) штур арқандық сымның бөлшектері;

9) запастық руль жетегі;

10) рульдеуші құрылғы;

13. Зәкірлік құрылғы:

1) з ә к і р л е р ;

2) з ә к і р л і к ш ы н ж ы р л а р ;

3) з ә к і р л і к б е к і т к і ш т е р ;

4) зәкір шынжырының немесе арқанның түптік ұшын беруге арналған к ұ р ы л ғ ы ;

5) зәкірлік палубалық және борттық клюздер.

14. Швартовтық құрылғылар: кнехтер, бекіту тетіктері, бумалық планкалар, роульстер мен тоқтатқыштар.

15. Буксирлік және тіркеу құрылғылары:

1) битенгтер, кнехтер, бумалық планкалар, клюздер, тоқтатқыштар, роульстар , б е к і т у т е т і к т е р і ;

- 2) буксирлік гактар;
- 3) бекіту бөлшектерімен бункерлік доғалар, буксирлік аркалар;
- 4) буксирлік арқанды беруге арналған құрылғы;
- 5) жақтаулық және борттық автосцептер;
- 6) керу станциялары, арқан қысқартатын құрылғылар, амортизаторлар;
- 7) бұру-тіреу құрылғылары.

16. Құтқару құралдары:

- 1) шлюпкалар, салдар және құтқару құралдары;
- 2) шлюпбалкалар және құтқару шлюпкалары мен салдарын түсіретін құрылғылар;

3) шлюпкалық жетек;

- 4) танкерлік шлюпкаларды іштен түсіруді басқаратын құрылғы;
- 5) шлюпкалар мен салдарды жабдықтау;
- 6) шеңберлер, желеттер, құтқару гидрокостюмдері.

17. Сигналдық құрылғылар:

- 1) сигналдық тачтаның рангоуты мен такелажы;
- 2) сигналды-айырғыш фонарьлар;
- 3) сигнал дыбыстық құралдар.

18. Навигациялық жабдық.

19. Навигациялық жабдықтау.

20. Корпустағы, қондырмалар мен рубкалардағы құрылғылар және саңылау жаппалары:

1) иллюминаторлар (рубкалық терезелер) борттық және палубалық, дөңгелек және тік бұрышты;

2) қондырғылардағы, рубкалардағы сыртқы есіктер және өткізбейтін қалқалардағы есіктер;

3) ұқсас, жарық, желдеткіш люктердің қақпақтары, цистерна мойындарының қақпақтары;

4) раструбтар мен вентиляциялық (желдеткіштік) қалпақшалар;

5) жүк люктерінің қақпақтары.

21. Бөлме-жайлардың жабдығы:

1) эвакуация жолдарындағы кеме баллас-жайларының есіктері;

2) еңіс және тік (вертикаль) траптар;

3) леерлік қоршау, фальшборт және көпіршелер.

22. Қанаттық құрылғылар.

23. Авариялық жабдық.

24. Ауа тұғырықты еменің икемді қоршаулары.

25. Барлық қызметтегі кеме арқандары: болат, өсімдік және синтетикалық.

26. Өртке қарсы қалқалар мен палубалар.

27. Өртке қарсы есіктер.
28. Торкөздер.
29. Палубалық бүркемелер.
30. Кілемдер.
31. Мебель.
32. Өрт сөндіру жүйелері.
33. Сұйытылған газбен жұмыс істейтін тұрмыстық қондырғылар.
34. Өрт сигнализациясы.
35. Өртке қарсы жабдық.
36. От бөгегіштер.
37. Механикалық қондырғылар.
38. Білік сымдары:
- 1) тіреуіш, аралық, ескіш біліктер;
 - 2) ескіш біліктердің қаптамасы;
 - 3) берік және сүйеу подшипниктері;
 - 4) біліктердің дәнекерлік муфталары;
 - 5) білік сымдардың дәнекерлік болттары.
39. Дейдвудтық құрылғылар:
- 1) дейдвудтық құбырлар мен төлкелер;
 - 2) дейдвудтық подшипниктер;
 - 3) дейдвудтық құрылғылардың тығыздықтары.
40. Қозғағыштар:
- 1) ескек винтер;
 - 2) қанатшалы қозғағыштар;
 - 3) қозғауыш бағандар;
 - 4) су шашатын қозғауыштар.
41. Ауа тұғырлықты кемеңің ауа айдамалаушылары.
42. Жүйелер мен құбырлар.
43. Жалпы кемелік жүйелер:
- 1) кептіру, балластық, мұнай құятын кемелердің сұйық жүктерінің жүйесі, ауа , газ, өткізу, қотару және өлшеу құбырларының, вентиляция жүйелері, бумен жылыту жүйесі;
 - 2) механизмдер мен құрылғылардың гидравликалық жетектері.
44. Механикалық қондырғылардың жүйесі:
- 1) отындық, май, сумен салқындату сығылған ауа, пайдаланылатын су, газ-шығару, бу құбырлары мен үрлеу;
 - 2) газ шығару жүйелері мен түтіндіктердің ұшқын сөндіргіштері.
45. Механизмдер.
46. Басты және қосымша ішкі жану қозғалтқыштарды:

- 1) фундаменттік рамалар;
- 2) картерлер;
- 3) цилиндрлер блогы;
- 4) цилиндр төлкелері;
- 5) цилиндрлер қақпақтары;
- 6) анкерлік дәнекерлер;
- 7) поршеньдер;
- 8) поршень саусақтары;
- 9) шатундар;
- 10) иінді біліктер;

11) түптік, шатундық, шатунның үстіңгі қалпақшасының подшипниктері;
12) түптік подшипниктердің, цилиндр қақпақтарының болттары мен өзектері;

- 13) таратқыш білік;
 - 14) айналу жиілігін реттеуіштер, шекті сөндіргіштер;
 - 15) шатундық болттар;
 - 16) насостар: отын, май, салқындатқыш;
 - 17) турбоайдамалағыш;
- 18) таратқыш білік жетегінің және аспалы агрегаттардың шестернялары.

47. Басты қозғалтқыштардың ажыратқыш берілістері мен муфталары:

- 1) редукторлар мен муфталардың корпустары;
- 2) тісті доңғалақтар мен шестернялар;
- 3) редукторлар біліктері.

48. Көмекші және палубалық механизмдер:

- 1) ауа жүргізуші компрессорлар;
 - 2) рульдік машина;
 - 3) рульдеуші құрылғылар;
- 4) зәкірлік, швартовтық брашпильдер, шпильдер мен лебедкалар;
- 5) буксирлік лебедкалар;
 - 6) люк жаппаларының лебедкалары;
 - 7) шлюпкалық лебедкалар.

49. Электр жабдығы.

50. Ескіш электр қондырғы:

- 1) генераторлар;
- 2) электр қозғалтқыштары;
- 3) қалқандар мен пульттер.

51. Электр қуатының негізгі және авариялық деректері: генераторлар, аккумуляторлар мен аккумуляторлық батареялар.

52. Күш беретін және жарық беретін трансформаторлар, электр қуатының

түрлендіргіштері:

- 1) трансформаторлар;
 - 2) айналатын және тұрақты (статистикалық) түрлендіргіштер;
 - 3) электр машиналық күшейткіштер.
53. Бөліп таратқыш құрылғылар мен басқару және бақылау пульттері:
- 1) негізгі және авариялық бөліп таратқыш қалқандар;
 - 2) топтық қалқандар, басқару және сигнализация бақылауының қалқандары мен пульттері, өзге қалқандар;
 - 3) қорғауыш, реттегіш және коммутациялық аппаратура (автоматты сөндіргіштер, ажыратқыштар, реле, сөндіргіштер, қорғағыштар және тағы басқалар);
 - 4) реакторлар, қуат коэффициентін арттыратын конденсаторлық құрылғылар;
 - 5) тұрақты электрлік өлшегіш аспаптар;
 - 6) шина сымдары.
54. Жауапты қызметтегі механизмдердің электр жетектері.
55. Бөлме-жайлар мен жауапты құрылғылар орналасқан орындардың, эвакуация жолдарының негізгі жарығы мен авариялық жарық:
- 1) тұрақты шырақтар;
 - 2) бекіткіш арматура;
56. Электрлік машиналық телеграфтар.
57. Руль қанатының күйі мен ВРШ қалақтарының күйінің көрсеткіштері.
58. Ескіш біліктің тахометрі.
59. Қызмет телефон байланысы.
60. Авралдық (дүрмектік) сигнализация.
61. Өртті анықтау және көлемді өрт сөндіру құралдарын қосу жөнінде ескерту сигнализация жүйелері.
62. Өртке қарсы және өткізбейтін есіктердің сигнализациясы.
63. Жарылысқа қауіпті бөлме-жайлар мен кеңістіктердегі электр жабдығы (жарылыстан қорғалған).
64. Кабельдер мен сымдар.
65. Жай тартқыш құрылғылар мен қосулар, катодтық қорғаным, мұнай құятын кемелердегі кеме корпусының жерге қосылатын құрылғылары.
66. Отын мен майдың электрлік жылытқыштары.
67. Қыздыру және жылыту аспаптары.
68. Жүк көтергіш құрылғылардың электр жабдығы.
69. Қазандар, жылу алмастыратын аппараттар мен қысым астындағы ыдыстар.
70. Қазандар, соның ішінде пайдаланыстағы және су жылытқыш, судың

температурасы 115 ° С жоғары:

- 1) корпустар, обечайкалар, түптер мен барабандар;
- 2) коллекторлар мен камералар;
- 3) от камералары;
- 4) ыстық құбырлары;
- 5) қазан дәнекерлері;
- 6) жағу құрылғылары;
- 7) экономайзерлер;
- 8) бу жинағыштар;
- 9) бу ысытқыштар.

71. Механикалық қондырғылардың, кемелерді автоматтандырудың кешенді жүйелері.

72. Автоматтандырудың жүйелері.

73. Негізгі двигательдар, берілістер, білік сымдары.

74. Электрлік қондырғылар.

75. Көмекші және авариялық дизель-генераторлардың бастапқы двигательдері.

76. Негізгі және көмекші двигательдерге қызмет жасайтын жүйелер.

77. Негізгі қазандар.

78. Көмекші және утилизациялық қазандар.

79. Компрессорлар.

80. Тоңазытқыш қондырғыларды автоматтандыру жүйелері.

81. Жалпы кемелік жүйелерді автоматтандыру жүйелері.

82. Палубалық механизмдерді автоматтандыру жүйелері.

83. Жүк көтергіш құрылғылар (крандар, жүк жебелері, лифттер).

84. Металлоконструкциялар.

85. Механизмдер.

86. Қауіпсіздік аспаптары мен құрылғылары.

87. Басқару кабиналары.

88. Қоршаулар.

89. Алынбалы бөлшектер.

90. Г а к .

91. Лифт жабдықтары (шахта есіктері, қарсы салмақтар, буферлер, қауіпсіздік құрылғылар).

92. Экологиялық қауіпсіздік жабдығы.

93. Мұнаймен ластауды болдырмауға арналған жабдық пен құрылғылар:

- 1) жинау цистерналары, тұндырғыш танктер;
- 2) сүзгіш жабдық;

3) с и г н а л и з а т о р ;

4) мұнай аралас сулардың ағуын тоқтатуға арналған құрылғы;

5) мұнай аралас суларды қотару, тапсыру және ағызу жүйелері;

6) балластық және жуатын суларды тіркеу мен басқаруды шекарасын анықтауға арналған аспаптар;

7) балластық және жуатын суларды тіркеу мен басқаруды автоматты өлшеу жүйесі .

94. Ағынды сулармен ластауды болдырмауға арналған жабдық пен құрылғылар :

1) ж и н а у ц и с т е р н а л а р ы ;

2) ағынды суларды өңдеуге арналған қондырғы;

3) ағынды суларды қотару, тапсыру және ағызу жүйелері.

95. Қоқыспен былғаудың алдын алатын жабдық пен құрылғылар:

1) қоқысты жинауға арналған құрылғы;

2) инсинераторлар ;

3) қоқыс өңдеуге арналған құрылғылар.

96. Мұнай төгінділерін оқшауландыруға арналған комплект:

1) қалқымалы бон қоршауы;

2) з ә к і р ;

3) б у й ;

4) к а п р о н а р қ а н ;

5) с о р б е н т .

97. Жылу алмастыратын аппараттар мен қысым астындағы ыдыстар:

1) отын және май ысытқыштар;

2) негізгі және көмекші механизмдердің май мен су салқындатқыштары;

3) отын, май және су сүзгіштер;

4) қысым астындағы ыдыстар;

5) өрт сөндіру жүйелерінде қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен аппараттар .

9 8 . А р м а т у р а :

1) қазандарға, ыдыстар мен жылу алмастыратын аппараттарға арналған қазандар ;

2) қорғауыш клапандар .

9 9 . Р а д и о ж а б д ы қ .

100. Қатты сөйлейтін байланыс пен трансляция құрылғылары.

101. Антенналық құрылғылар мен жерге қосу.

102. Радиожабдықты орнатуға арналған бөлме-жай, радиожабдықты орналастыру .

103. Радиожабдық қорегінің негізгі және резервті көздері.

104. Тоңазытқыш қондырғылар:

- 1) тоңазытқыш агенттің компрессорлары;
- 2) тоңазытқыш агенттің, сұйық суық тасушының, салқындататын судың н а с о с т а р ы ;
- 3) тоңазытқыш агенттің қысымымен жұмыс істейтін ыдыстар мен аппараттар;
- 4) құбырлар мен арматура;
- 5) қорғаныш және реттеуіш автоматиканың аспаптары;
- 6) салқындатқыш бөлме-жайлардың, сыныпталушы кеме тоңазытқыш қондырғыларының құбырлары мен жабдығының изоляциясы.

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникация

министрінің

2006 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 334 бұйрығымен бекітілген

Кемелерде орнату үшін материалдармен

бұйымдарды дайындау туралы ережесіне

2 қосымша

Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық

куәландыруға жататын материалдардың тізімі

1. Металдар мен олардың қорытпалары:
 - 1) табақтық және бейіндік прокат;
 - 2) қазандарға, жылу алмастыратын аппараттар мен кеме құбырларына арналған құбырлары;
 - 3) тойтармаға арналған материалдар мен тойтармалар;
 - 4) темір бетондық кеме жасауға арналған арматуралық болат;
 - 5) шынжырлар мен олардың қоспа бөлшектеріне арналған материал;
2. Шыңдамалар мен құймалар:
 - 1) штевендер, ескіш біліктердің кронштейндері;
 - 2) руль баллерлерінің бұру саптамалары;
 - 3) румпельдер, секторлар, руль баспасы мен бұру саптамасы;
 - 4) дейдвудттық құбырлар мен төлкелер;
 - 5) зәкірлер;
 - 6) зәкірлік шынжырлар;
 - 7) буксирлік гактардың;
 - 8) ескек винттер;
 - 9) иінді ескіш аралық және тіреу біліктері;

1 0) ш а т у н д а р ;

11) негізгі механизмдердің беріліс шестернялары, доңғалақтары мен біліктері.

3. Металл емес материалдар:

1) шыныпластиктер;

2) кеме корпустары мен қондырма конструкцияларына арналған бетон;

3) құтқару құралдарына арналған маталар мен қабатты тоқыма материалдар.

4. Дәнекерлеу материалдары:

1) дәнекерлеу электродтары;

2) дәнекерлеу сымы, флюсте, автоматтық және жартылай дәнекерлеуге арналған қорғағыш газдар;

3) қорғағыш топырақты кетірусіз орындауға мүмкіндік беретін дәнекерлеу.

5. Маталар.